

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРАЛІГІ
ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ
Ш.Ш. УӘЛИХАНОВ АТЫНДАҒЫ ТАРИХ ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯ ИНСТИТУТЫ



«EDU.E-HISTORY.KZ» ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ



2023. 10 (2)
шілде-қыркүйек

ISSN 2710-3994

ISSN 2710-3994 (online)

Құрылтайшысы және баспагері: Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі
Ғылым комитеті Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК

Ғылыми журнал Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде 2014 ж. 29 қазанында тіркелген. Тіркеу нөмірі № 14602-ИА. Жылына 4 рет жарияланады (электронды нұсқада).

Журналда тарих ғылымының *келесі бағыттары* бойынша ғылыми жұмыстар жарияланады: тарих (дүниежүзі және Қазақстан тарихы), деректану және тарихнама, археология, этнология, антропология.

Жарияланым тілдері: қазақ, орыс, ағылшын.

Редакция мен баспаның мекен-жайы:

050010 Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй

ҚР ҒЖБМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК

Тел.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59

E-mail: edu.history@bk.ru.

Журнал сайты: <https://edu.e-history.kz>

© Ш.Ш. Уәлиханов атындағы
Тарих және этнология институты, 2023
© Авторлар ұжымы, 2023

БАС РЕДАКТОР

Қабылдинов Зиябек Ермұқанұлы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі, ҚР ҒЖБМ ҒКШ.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының директоры. (Қазақстан)

РЕДАКЦИЯЛЫҚ АЛҚА

Аяған Бүркітбай Ғелманұлы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҒЖБМ ҒК Мемлекет тарихы институты директорының орынбасары. (Қазақстан)

Әлімбай Нұрсан — тарих ғылымдарының кандидаты, профессор, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының бас ғылыми қызметкері. (Қазақстан)

Әбіл Еркін Аманжолұлы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институтының директоры. (Қазақстан)

Вернер Кунтһиа (Werner, Cynthia) — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Техас университеті, (АҚШ).

Голден Кэти Стромайл (Kathie Stromile Golden) — PhD, Миссисипи өңірлік мемлекеттік университеті (Mississippi Valley State University). (АҚШ)

Кәрібаев Берекет Бақытжанұлы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Өл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, «Қазақстан тарихы» кафедрасының меңгерушісі. (Қазақстан)

Қожамжарова Дария Пернешқызы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің ректоры. (Қазақстан)

Кожирова Светлана Басиевна — саясаттану ғылымдарының докторы, профессор, Фудан Университетінің Қытай және Орталық Азияны зерттеу орталығының мен «Астана» ХҒК бірлескен директоры. (Қазақстан)

Дайнер Александр (Diener Alexander) — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Канзас университеті. (АҚШ)

Көкебаева Гүлжауһар Какенқызы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті. (Қазақстан)

Көмеков Болат Ешмұхамедұлы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Өл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Халықаралық қыпшақтану институтының директоры, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры. (Қазақстан)

Матыжанов Кенжехан Ісләмжанұлы — филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі, М.О. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының директоры. (Қазақстан)

Моррисон Александр (Morrison Alexander) — PhD, профессор Оксфордского университета. (Великобритания)

Муминов Ашірбек Құрбанұлы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Ислам тарихы, өнер және мәдениет ғылыми-зерттеу орталығының аға ғылыми қызметкері IRCICA – İslam Tarih, Sanat ve Kültür Araştırma Merkezi. (Түркия) **Римантас Желвис (Želvys Rimantas)** — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Вилнюс педагогикалық университеті. (Литва)

Самашев Зайнолла Самашұлы — археолог, тарих ғылымдарының докторы, профессор, Герман археология институтының корр.-мүшесі, ҚР ҒЖБМ ҒК Ә. Марғұлан атындағы Археология институты. (Қазақстан)

Смағұлов Оразак Смағұлұлы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Балон ғылым академиясының корр.-мүшесі, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы сыйлықтың лауреаты, ғылым мен техниканың еңбек сіңірген қайраткері, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры. (Қазақстан)

Сыдықов Ерлан Бәтгашұлы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ректоры. (Қазақстан)

Таймағамбетов Жәкен Қожахметұлы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, ҚР Ұлттық музейі. (Қазақстан)

ЖАУАПТЫ РЕДАКТОР

Қаипбаева Айнагүл Толғанбайқызы — тарих ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының жетекші ғылыми қызметкері. (Қазақстан)

ҒЫЛЫМИ РЕДАКТОРЛАР

Қозыбаева Махаббат Мәлікқызы — PhD, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының Астана қаласындағы филиалының директоры. (Қазақстан)

Қапаева Айжан Тоқанқызы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының Бас ғылыми қызметкері. (Қазақстан)

Күбеев Рустем Жаулыбайұлы — Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының ғылыми қызметкері. (Қазақстан)

ТЕХНИКАЛЫҚ ХАТШЫ

Копеева Сания Жуматайқызы — Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының қызметкері. (Қазақстан).

ISSN 2710-3994 (online)

Учредитель и издатель: РГП на ПХВ «Институт истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова» Комитета науки Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан

Научный журнал зарегистрирован в Комитете связи, информатизации и информации Министерства по инвестициям и развитию Республики Казахстан, свидетельство о регистрации:

№ 14602-ИА от 29.10.2014 г. Публикуется 4 раза в год (в электронном формате).

В журнале публикуются научные работы *по следующим направлениям* исторической науки: история (всемирная история и история Казахстана), источниковедение и историография, археология, этнология, антропология.

Языки публикации: казахский, русский, английский.

Адрес редакции и издательства:

050010 Республика Казахстан, г. Алматы, ул. Шевченко, д. 28

РГП на ПХВ Институт истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова КН МНВО РК

Тел.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59

E-mail: edu.history@bk.ru.

Сайт журнала: <https://edu.e-history.kz>

© Институт истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова, 2023

© Коллектив авторов, 2023

ГЛАВНЫЙ РЕДАКТОР

Кабульдинов Зиябек Ермуханович — доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. НАН РК, директор Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова КН МНВО РК. (Казахстан)

РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

Алимбай Нурсан — кандидат исторических наук, профессор, главный научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан)

Абиля Еркин Аманжолович — доктор исторических наук, профессор, директор Института истории государства КН МНВО РК. (Казахстан)

Аяган Буркитбай Гелманович — доктор исторических наук, профессор, заместитель директора Института истории государства КН МНВО РК. (Казахстан)

Вернер Синтия (Werner, Cynthia) — доктор исторических наук, профессор. Техасский университет. (США)

Голден Кэти Стромайл (Kathie Stromile Golden) — PhD, Государственный университет долины Миссисипи (Mississippi Valley State University). (США)

Дайнер Александр (Diener Alexander) — доктор исторических наук, профессор. Канзасский университет. (США)

Исмагулов Оразак Исмагулович — доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, член-корр. Болонской академии наук, лауреат премии им. Ч.Ч. Валиханова, заслуженный деятель науки и техники, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева. (Казахстан)

Карибаев Берекет Бахытжанович — доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, заведующий кафедрой истории Казахстана, Казахский национальный университет им. ал-Фараби. (Казахстан)

Кожамжарова Дария Пернешовна — доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, ректор Южно-Казахстанского университета им. М. Ауэзова. (Казахстан)

Кожирова Светлана Басиевна — доктор политических наук, профессор, содиректор Центра исследования Китая и Центральной Азии Фуданьского Университета и МНК «Астана», руководителю Центра китайских и азиатских исследований. (Казахстан)

Кокебаева Гульжаухар Какеновна — доктор исторических наук, профессор Казахского национального педагогического университета имени Абая. (Казахстан)

Кумеков Болат Ешмухамбетович — доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, директор Международного института кипчаковедения Казахского национального университета имени ал-Фараби, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева. (Казахстан)

Матыжанов Кенжехан Слямжанович — доктор филологических наук, профессор, чл.-корр. НАН РК, директор Института литературы и искусства им. М. Ауэзова. (Казахстан)

Моррисон Александр (Morrison Alexander) — PhD, профессор Оксфордского университета. (Великобритания)

Муминов Аширбек Курбанович — доктор исторических наук, профессор, старший научный сотрудник Исследовательского центра исламской истории, искусства и культуры. IRCICA – İslâm Tarih, Sanat ve Kültür Araştırma Merkezi. (Турция)

Римантас Желвис (Želvys Rimantas) — доктор педагогических наук, профессор, Вильнюсский педагогический университет. (Литва)

Самашев Зайнолла Самашевич — археолог, доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. Германского археологического института. Институт археологии им. А. Маргулана КН МНВО РК. (Казахстан)

Сыдыков Ерлан Батташевич — доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, ректор Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева. (Казахстан)

Таймагамбетов Жакен Кожаметович — доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, Национальный музей РК. (Казахстан)

ОТВЕТСТВЕННЫЙ РЕДАКТОР

Каипбаева Айнагуль Толганбаевна — кандидат исторических наук, ведущий научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан)

НАУЧНЫЕ РЕДАКТОРЫ

Козыбаева Махаббат Маликовна — PhD, директор филиала в г. Астана Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова (Казахстан).

Капаева Айжан Токановна — доктор исторических наук, профессор, главный научный сотрудник Института истории этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан).

Кубеев Рустем Джаулыбайулы — научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова (Казахстан).

ТЕХНИЧЕСКИЙ СЕКРЕТАРЬ

Копеева Сания Жуматаевна — сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова (Казахстан).

ISSN 2710-3994 (online)

Founder and publisher: RSE on REM “Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology” of the Committee of Science of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan

The scientific journal is registered at the Committee for Communications, Informatization and Information of the Ministry for Investments and Development of the Republic of Kazakhstan, registration certificate: No. 14602-IA dated October 29, 2014. The journal is published 4 times a year (in electronic format).

The journal publishes scientific works in the *following areas* of historical science: history (world history and history of Kazakhstan), source studies and historiography, archeology, ethnology, anthropology.

Publication languages: Kazakh, Russian, English.

Editorial and publisher address:

28 Shevchenko Str., 050010, Almaty, Republic of Kazakhstan

RSE on REM Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology CS MSHE of the Republic of Kazakhstan

Tel.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59

E-mail: edu.history@bk.ru.

Journal website: <https://edu.e-history.kz>

© Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology, 2023

© Group of authors, 2023

EDITOR-IN-CHIEF

Kabuldinov Ziabek Ermukhanovich — Doctor of Historical Sciences, Professor, Corresponding Member of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Director of Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology SC MSHE RK. (Kazakhstan)

EDITORIAL BOARD

Alimbay Nursan — Candidate of Historical Sciences, Professor, Chief Researcher at the Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology. (Kazakhstan)

Abil Yerkin Amanzholovich — Doctor of Historical Sciences, Professor, Director of the Institute of History of the State CS MES RK. (Kazakhstan)

Ayagan Burkitbai Gelmanovich — Doctor of Historical Sciences, Professor, Deputy Director of the Institute of History of the State SCMSHE RK. (Kazakhstan)

Werner, Cynthia — Doctor of Historical Sciences, Professor, Texas university. (USA)

Golden Kathie Stromile — PhD, Mississippi Valley State University. (USA)

Ismagulov Orazak Ismagulovich — Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Corresponding Member of Bologna Academy of Sciences, winner of Ch.Ch. Valikhanov Award, Honored Worker of Science and Technology, Professor of L.N. Gumilyov University. (Kazakhstan)

Karibayev Bereket Bakhytzhonovich — Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Head of the Department of History of Kazakhstan, Al-Farabi Kazakh National University. (Kazakhstan) **Kozhamzharova Daria Perneshovna** — Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the NAS of the Republic of Kazakhstan, rector of the M. Auezov South Kazakhstan University. (Kazakhstan)

Kozhirova Svetlana Bassieva — Doctor of Political Science, Professor, Co-Director of the Center for the Study of China and Central Asia of Fudan University and the International Scientific Complex of the National Company "Astana", Head of the Center for Chinese and Asian Studies. (Kazakhstan)

Diener Alexander — Doctor of Political Science, Professor, University of Kansas. (USA)

Kokebayeva Gulzhaukhar Kakenovna — Doctor of Historical Sciences, Professor at the Abai Kazakh National Pedagogical University. (Kazakhstan)

Kumekov Bolat Eshmukhambetovich — Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Director of the International Institute of Kipchak Studies of the Al-Farabi Kazakh National University, Professor at L.N. Gumilyov Eurasian National University. (Kazakhstan)

Matyzhanov Kenzhekhan Slyamzhanovich — Doctor of Philology, Professor, Corresponding Member of the NAS RK, Director of M. Auezov Institute of Literature and Art. (Kazakhstan)

Morrison Alexander — PhD, Professor, University of Oxford. (UK)

Muminov Ashirbek Kurbanovich — Doctor of Historical Sciences, Professor, Senior Researcher at the Research Center for Islamic History, Art and Culture. IRCICA (İslâm Tarih, Sanat ve Kültür Araştırma Merkezi). (Turkey)

Rimantas Želvys — Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Vilnius Pedagogical University. (Lithuania)

Samashev Zainolla Samashevich — archaeologist, Doctor of Historical Sciences, Professor, Corresponding Member of German Archaeological Institute. A. Marghulan Institute of Archeology SC MSHE RK. (Kazakhstan)

Sydykov Ertan Battashevich — Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Rector of L.N. Gumilyov Eurasian National University. (Kazakhstan)

Taimagambetov Zhaken Kozhakhmetovich — Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, National Museum of the Republic of Kazakhstan. (Kazakhstan)

EXECUTIVE EDITOR

Kaipbayeva Ainagul Tolganbayevna — Candidate of Historical Sciences, leading researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology (Kazakhstan).

ACADEMIC EDITOR

Kozybayeva Makhabbat Malikovna — PhD, Director of Astana branch of the Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology. (Kazakhstan)

Kapaeva Aizhan Tokanovna — Doctor of Historical Sciences, Professor, Chief Researcher at the Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology. (Kazakhstan)

Kubeyev Rustem Dzhaulybayuly — researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology. (Kazakhstan)

TECHNICAL SECRETARY

Kopeyeva Saniya Zhumataevna — researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology. (Kazakhstan)

ТЕОРИЯ ЖӘНЕ ӘДІСНАМА / ТЕОРИЯ И МЕТОДОЛОГИЯ / THEORY AND METHODOLOGY

Published in the Republic of Kazakhstan
Electronic scientific journal “edu.e-history.kz”
Has been issued as a journal since 2014
ISSN 2710-3994.
Vol. 10. Is. 2, pp. 225–240, 2023
Journal homepage: <https://edu.e-history.kz>

FTAXP / МРПТИ / IRSTI 03.20
https://doi.org/10.51943/2710-3994_2023_10_2_225-240

ALASH INTELLIGENTIA AND THE ISSUES OF BAI FARMS CONFISCATION (ON THE EXAMPLE OF THE NORTHERN REGION OF KAZAKHSTAN)

Ibrayeva Akmaral Gosmanovna^{1*}, Temirkhanova Assemgul Serikovna², Kabdushev Bolat Zholamanovich³

¹M. Kozybayev North Kazakhstan University (86, Pushkin Str., 150000 Petropavlovsk, Republic of Kazakhstan)
Doctor of Historical Sciences, Professor

 <https://orcid.org/0000-0002-7556-7779>. E-mail: akmaral1971@mail.ru

*Correspondent author

²M. Kozybayev North Kazakhstan University (86, Pushkin Str., 150000 Petropavlovsk, Republic of Kazakhstan)
PhD, Head of the Department of History of Kazakhstan, Social Sciences and Humanities

 <https://orcid.org/0000-0002-3231-5141>. E-mail: asema_sko@inbox.ru

³Almaty Gumarbek Daukeyev University of Power Engineering and Telecommunications (126/1, A. Baitursynov Str., 050010 Almaty, Republic of Kazakhstan).

Candidate of Historical Sciences, Associate Professor

 <https://orcid.org/0009-0009-2658-4642>. E-mail: bolat_6464@mail.ru

© Ch.Ch. Valikhanov IHE, 2023

© Ibrayeva A.G., Temirkhanova A.S., Kabdushev B.Zh., 2023

Abstract. Introduction. In the research article presented to the readers on the basis of the materials of the republican and regional archives, the complex political, socio-economic situation that developed in the region with the establishment of the Soviet government in the early twentieth century, the difficult fate of the Kazakh intelligentsia during the struggle for independence, the criminal activities of the totalitarian regime, the confiscation of the property of the wealthy people which began with the arrival of F. Goloshchekin in the regional party committee in 1925, forced collectivization. *Goals and objectives* – to study the actions of the Central Committee and the SNK «on the confiscation of the economy of the rich» at the beginning of the twentieth century during the adoption and application of the resolution on its causes and consequences; disclosure of the essence of actions reflecting the anti-people policy of the Soviet government and the Bolshevik Party. *Results.* The attitude of the leaders of Alash to the implementation of confiscation, actions in this direction were studied on the basis of archival documents. *Conclusion.* During the implementation of the resolution, specific data were substantiated by examples, mainly about the tragic fate, unjustified confiscations, repressions by competent, authoritative representatives of the northern region of Kazakhstan.

Keywords: Alash figures, bai, confiscation, Soviet government, decree, repression, personality, intelligentsia, document

Acknowledgments. The article was prepared within the framework of the grant financing project of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan «North Kazakhstan of the early twentieth century: Socio-political activity and spiritual heritage of the Alash intelligentsia» for 2022–2024. (Registration number AR 14870568).

For citation: Ibrayeva A.G., Temirkhanova A.S., Kabdushev B.Zh. Alash intelligentia and the issues of bai farms confiscation (on the example of the Northern region of Kazakhstan) // Electronic scientific journal “edu.e-history.kz”. 2023. Vol. 10. No. 2. Pp. 225–240. (In Kaz.). DOI: 10.51943/2710-3994_2023_10_2_225–240.

АЛАШ ЗИЯЛЫЛАРЫ ЖӘНЕ БАЙЛАРДЫҢ ШАРУАШЫЛЫҒЫН ТӘРКІЛЕУ МӘСЕЛЕЛЕРІ (СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ӨңІРІ МЫСАЛЫНДА)

Ибраева Ақмарал Ғосманқызы^{1*}, Темірханова Әсемгүл Серікқызы², Қабдөшев Болат Жоламанұлы³

¹Манаш Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті (86-үй, Пушкин көш., 150000 Петропавл, Қазақстан Республикасы)

Тарих ғылымдарының докторы, профессор

 <https://orcid.org/0000-0002-7556-7779>. E-mail: akmaral1971@mail.ru

*Автор-корреспондент

²Манаш Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті (86-үй, Пушкин көш., 150000 Петропавл, Қазақстан Республикасы)

Доктор PhD, Қазақстан тарихы және әлеуметтік-гуманитарлы пәндер кафедрасының меңгерушісі

 <https://orcid.org/0000-0002-3231-5141>. E-mail: asema_sko@inbox.ru

³Ғұмарбек Дәукеев атындағы Алматы энергетика және байланыс университеті (126/1-үй, А. Байтұрсынұлы көш., 050010 Алматы, Қазақстан Республикасы).

Тарих ғылымдарының кандидаты, доцент

 <https://orcid.org/0009-0009-2658-4642>. E-mail: bolat_6464@mail.ru

© Ш.Ш. Уәлиханов ат. ТЭИ, 2023

© Ибраева А.Ғ., Темірханова Ә.С., Қабдөшев Б.Ж., 2023

Аңдатпа. *Kіріспе.* Оқырмандар назарына ұсынылып отырған ғылыми мақалада республикалық және өңірлік мұрағат деректері негізінде ХХ ғасырдың басында Кеңес үкіметінің орнауымен өлкеде қалыптастқан күрделі саяси, әлеуметтік-экономикалық ахуал, тәуелсіздік үшін күрес барысында қазақ зиялыларының тағдырына ауыр соққылар, тоталитаризмнің кешірілмес қылмыстары, Голощекиннің 1925 жылы өлкелік партия комитетіне келуімен басталған байлардың шаруашылығын тәркілеу, күштеп ұжымдастыру мәселері қарастырылған. *Зерттеудің мақсаты мен міндеттері* – ХХ ғасырдың басында ҚАКСР ОАК мен ХКК-нің «Байлардың шаруашылығын тәркілеу туралы» Қаулының қабылдануы оның себеп-салдарлары мен зардаптары және қолданылуы барысындағы әрекеттерін зерделеу; Кеңес үкіметі мен большевиктер партиясының халыққа қарсы саясатын көрсететін іс-әрекеттердің мәнін ашу. *Нәтижелер.* Тәркілеуді жүзеге асыруағы Алаш қайраткерлерінің көзқарасы, осы бағыттағы әрекеттері архив құжаттары негізінде зерделенді. *Қорытынды.* Қаулыны іске асыру барысында негізінен Қазақстанның солтүстік өңірінің бетке ұстар алғыр, сауатты, беделді өкілдерінің қасіретті тағдыры, шаруашылықтарының негізсіз тәркіленуі, қуғын-сүргінге ұшырауы жайында нақты деректер негізінде мысалдармен дәлелденді.

Түйін сөздер: Алаш қайраткерлері, байлар, тәркілеу, кәмпескелеу, Кеңес үкіметі, қаулы, қуғын-сүргін, тұлға, зиялы, құжат

Алғыс. Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің «ХХ ғасыр басындағы Солтүстік Қазақстан: Алаш зиялыларының қоғамдық-саяси қызметі және рухани мұрасы» тақырыбындағы гранттық қаржыландыру жобасын жүзеге асыру аясында орындалды (жеке тіркеу нөмірі: АР 14870568).

Дәйексөз үшін: Ибраева А.Ғ., Темірханова Ә.С., Қабдөшев Б.Ж. Алаш зиялылары және байлардың шаруашылығын тәркілеу мәселелері (Солтүстік Қазақстан өңірі мысалында) // «edu.e-history.kz.» электрондық ғылыми журналы. 2023. Т. 10. № 2. 225–240 бб. (Қаз.). DOI: 10.51943/2710-3994_2023_10_2_225–240.

АЛАШСКАЯ ИНТЕЛЛИГЕНЦИЯ И ВОПРОСЫ КОНФИСКАЦИИ БАЙСКИХ ХОЗЯЙСТВ (НА ПРИМЕРЕ СЕВЕРНОГО РЕГИОНА КАЗАХСТАНА)

Ибраева Акмарал Госмановна^{1*}, Темирханова Асемгуль Сериковна², Қабдушев Болат Жоламанович³

¹Северо-Казахстанский университет им. М. Козыбаева (д. 86, ул. Пушкина, 150000 Петропавловск, Республика Казахстан)

Доктор исторических наук, профессор

 <https://orcid.org/0000-0002-7556-7779>. E-mail: akmaral1971@mail.ru

*Корреспондирующий автор

²Северо-Казахстанский университет им. М. Козыбаева (д. 86, ул. Пушкина, 150000 Петропавловск, Республика Казахстан)

Доктор PhD, заведующий кафедрой истории Казахстана и социально-гуманитарных дисциплин

 <https://orcid.org/0000-0002-3231-5141>. E-mail: asema_sko@inbox.ru

³Алматинский университет энергетики и связи имени Гумарбека Даукеева (д. 126/1, ул. А. Байтурсынова, 050010 Алматы, Республика Казахстан).

Кандидат исторических наук, доцент

 <https://orcid.org/0009-0009-2658-4642>. E-mail: bolat_6464@mail.ru

© ИИЭ им. Ч.Ч. Валиханова, 2023

© Ибраева А.Ф., Темирханова А.С., Қабдушев Б.Ж., 2023

Аннотация. *Введение.* В представленной вниманию читателей научной статье на основе данных республиканского и региональных архивов рассмотрены сложная политическая, социально-экономическая ситуация, сложившаяся в крае с установлением советской власти в начале XX века, тяжелые удары по судьбам казахской интеллигенции в ходе борьбы за независимость, непростительные преступления тоталитаризма, конфискация богатств, начавшаяся с приходом Голощекина в краевой партийный комитет в 1925 году, насильственная коллективизация. *Цель и задачи исследования* – изучение действий ЦКК и СНК «о конфискации хозяйства богатых» в начале XX века в ходе принятия и применения постановления о его причинах и последствиях; раскрытие сущности действий, отражающих антинародную политику советского правительства и партии большевиков. *Результаты.* Отношение деятелей Алаша к осуществлению конфискации, действия в данном направлении были изучены на основе архивных документов. *Вывод.* В ходе реализации постановления на примерах были обоснованы конкретные данные, в основном о трагической судьбе, необоснованных конфискациях, репрессиях со стороны компетентных, авторитетных представителей северного региона Казахстана.

Ключевые слова: деятели Алаш, бай, конфискация, советское правительство, постановление, репрессии, личность, интеллигенция, документ

Благодарность. Статья подготовлена в рамках реализации проекта грантового финансирования Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан «Северо-Казахстан начала XX века: Общественно-политическая деятельность и духовное наследие алашской интеллигенции» (регистрационный номер: АР 14870568).

Для цитирования: Ибраева А.Ф., Темирханова А.С., Қабдушев Б.Ж. Алашская интеллигенция и вопросы конфискации байских хозяйств (на примере Северного региона Казахстана) // Электронный научный журнал «edu.e-history.kz». 2023. Т. 10. № 2. С. 225–240. (На каз.). DOI: 10.51943/2710-3994_2023_10_2_225–240.

Кіріспе

Қазіргі таңда жаңа әділетті Қазақстанды құру қоғам алдында тұрған маңызды міндет. Қоғамдық сананы жаңғыртудың ерекше бөлігі өткен әкімшілік-командалық жүйеден қалған стереотиптерден арылу, жаңа адамгершілік пен құқықтық сананы қалыптастыру арқылы әділ демократиялық қадамға аяқ басу сияқты істерді жүзеге асыру болып табылады. Ғылыми-сараптамалық қауымдастықта шешімін

табуы қажет мәселе Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2020 жылдың 24 қарашасындағы «XX ғасырдың 20–50 жылдар аралығындағы саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссия туралы» Жарлығы аясында қыруар шаруаны атқарып, нәтижесін беру еді. Осыған орай, Солтүстік Қазақстан облысында тарихшы ғалымдарды топтастырған арнайы өңірлік комиссия құрылып, бірнеше бағытта архив қорларынан құжаттарға ізденіс жұмыстарын жүргізді. Жарғының қабылдануымен зерттеуші ғалымдарға көптеген архив қорларының есігі ашылды, бұрын беймәлім болған жабық қорлардың деректерімен танысуға мүмкіндік туды.

Қылышынан қан тамған Кеңестік жүйенің озбыр әрекеттерінен көптеген әлеуметтік топтың өкілдері зардап шекті. Солардың ішінде тәуелсіздік үшін күрескен Алаш арыстары мен әлеуметтік шығу тегі мен кәсібі бойынша қуғын-сүргінге ұшыраған байларды, кулактар мен шаруаларды ақтау бойынша ізденіс жұмыстарын жүргізу, сараптамалық қорытындылар жасау және ұсынымдарды беру комиссия жұмысының маңызды бағыттарының бірі болып табылады.

XX ғасырдың басында көкірегі ояу Алаш арыстарының бірегейлері Солтүстік Қазақстан өңірінде қызмет еткен. Сол тұлғалардың өмірі мен қызметін, құнды мұраларын зерттеу бүгінгі күннің өзекті мәселесі. Мағжан Жұмабаев, Айдархан Тұрлыбаев, Ережеп Итбаев, Жұмағали Тілеулин, Салмақбай Күсемісов, Хайретдин Болғанбаев, Әбдірахман Байділдин, Таутан Арыстанбеков, Смағұл Сәдуақасов, Абдолла Байтасов, Бірмұхамет Айбасов, Ахмет Баржақсин, Мұхтар Саматов, ағайынды Мұсылманбек және Мұратбек Сейітовтардың есімін ерекше атап кетуге болады. Еліміздің тәуелсіздігі мен ұлтының жарқын болашағы үшін аянбай күрескен арыстардың сол кезеңде барлық мәселеде белсенділік танытқанын байқаймыз. Әсіресе, жаңа құрылған Кеңес үкіметінің ғасырлар бойы дәстүрлі қазақ қоғамының экономикалық қондырмасы болған, байлардың шаруашылығын тәркілеу саясаты, үлкен қасіретке әкелетінін түсінген алаш зиялылары, мұндай жолмен экономиканы дамытып, халықтың әлеуметтік жағдайын жақсартуға болмайтынын ақылмен, біліктілікпен жеткізгілері келді. Бірақ олардың пікірлеріне құлақ асқан үкімет болмады. Нәтижесінде, миллиондаған адам қырылып, қазақ ұлты орны толмас қасіретке ұшырады. Ал Кеңес үкіметі өздерінен басқа билікті мойындағылары келмей, Ұлттық мемлекетті құру жолында күрескен Алаш зиялаларына қарсы жаппай қудалау жүргізді.

1929–1931 жылдары ұлт зиялыларын қуғын-сүргінге ұшыратқан репрессияның бірінші толқынын ұйымдастырса, 1932 жылы қолдан ұйымдастырған аштықпен халықтың жартысын қырып жіберуге қол жеткізді. Өміршіл-әкімшіл жүйенің барша мәнді белгілері — саяси қуғын-сүргін, шаруаны меншіктен ажырату, еш кінәсі жоқ адамдардың өмірін қию, ұлттық мәдени құндылықтарын аяқ асты қалдыру, бір адамның шексіз билігін орнату, тағы басқалар Голощекин басқарған жылдары Қазақстан үшін қалыпты тәртіпке айналады. 1930 жылғы 19 ақпанда БК(б)П Орталық Комитеті Қазақстанда «Қуатты шаруалар мен байларға қарсы күрес жүргізу туралы» шешім қабылдады. Осы шешім негізінде Қазақстан аумағында қуатты шаруа және байларға қарсы күрес науқаны басталды. Күштеп зорлықпен ұжымдастыруға жергілікті халық қарсылық көрсетті.

Материалдар мен әдістер

Тақырыпты зерттеу барысында Солтүстік Қазақстан облысының XX ғасырдың басындағы тарихына, әлеуметтік-экономикалық жағдайына қатысты бұрыннан белгілі деректер мен ғылыми айналымға енгізіліп отырған архив басылымдары, мерзімдік баспасөз құжаттарын қарастыра отырып, объективті түрде баға беруді мақсат етіп қойылған.

Мақаланы жазу барысында көптеген осы уақытқа дейін жарық көрген ғылыми еңбектер сараланды, республиканың бірқатар белді архив қорларында бұрын ғылыми айналымға енгізілмеген құнды деректермен жұмыс жасалды. Мәселен, Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік архивінің қорларынан Солтүстік Қазақстан облысы бойынша тәркілеуге ұшыраған байлардың жеке істері, Қазақстан Республикасы Президентінің архивіндегі Алаш қайраткерлерінің өмірі мен қызметі, қилы тағдыры, құнды мұралары және тергеу істері; Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің архиві; Солтүстік Қазақстан облыстық мемлекеттік архивіндегі XX ғасырдың басындағы Кеңес үкіметінің орнауымен қабылданған заңнамалық құжаттар, Алаш-Орда үкіметінің және қазақ зиялыларының тағдыры мен байлардың мал-мүлкін тәркілеуге қатысты құжаттар ғылыми мақала мазмұнының терең ашылуына арқау болды. Айталық, Алаш қайраткерлеріне қарсы құзырлы органдардың құпия іс-әрекеттерінің ұйымдастырылуы олардың жеке істерінде сақталған құжаттардан көрінеді. Қазақстанның бүкіл саласын қадағалап отырғысы келген большевиктер жоғары билік

орындары үшін кеңейтілген құжаттар кешенін даярлады. Партиялық басшылық үшін берілетін біріккен мемлекеттік саяси басқарманың құпия деректері сталиндік әміршіл-әкімшіл саясаттың орнығуына байланысты саяси мәселелерге ерекше мән берді. Алаш қайраткерлерінің барлық мәселеде білімділігі мен біліктілігін байқаған Кеңес үкіметінің құзырлы органдары олардың аграрлық реформаларға араласуы арқылы саяси курсты өзгертуге күш салуда деген пікірде құжаттар жасай бастады. Бүгінгі таңда осы және басқа да мәліметтер арқылы Алаш қайраткерлерінің қасіреті жан-жақты ашуға мүмкіндік туып отыр. Оның ішінде, Біріккен мемлекеттік саяси басқарманың ақпараттық материалдарында алаштықтардың жергілікті халықпен қарым-қатынасы, большевиктердің реформаларына араласуы талданды. Тіпті тәркілеуге ұшыраған ауыл байларының айтқан сөздері, пікірлеріндегі Кеңес өкіметіне қарсы ойлар негізге алынды.

Біріккен мемлекеттік саяси басқарма және Бақылау комиссиясы Алаштықтарға қарсы тығыз жұмыс істеді, бір-бірімен байланыста отырды. Алдыңғы органдар сот үдерісіне даярланса, Бақылау комиссиясы партия қатарын тазалау жұмыстарын жүргізу мақсатында алдыңғы мекемелерге біршама материалдар жинап берді. БКП (б) Қазақ өлкелік комитеті үдерісті негізгі бақылаушыға айналды. Мекемелер деректері саяси репрессияның жасалу жолындағы жұмыстарды анықтап береді (Козыбаев, 1990: 48).

Жоғарыда аталған зерттеу жұмысының негізгі дереккөздері архив құжаттарын, мәліметтік жинақтарды, шолуларды, белгілі қоғам қайраткерлерінің естеліктері мен мақалаларын, сол кезеңдегі баспасөз жарияланымдарын, тақырыптық құжаттар мен жинақтарды біріктіріп отыр. Күрделі кезеңдердегі тарихи оқиғаларды зерттеу барысында архивтік деректердің ғылыми айналымға молынан қосылуы тақырыпты ашудың ерекшелігі болып табылады және олар бір жүйеге келтіріліп, сыни тұрғыдан талданды. Ғылыми зерттеу барысында тарихилық, жүйелілік, салыстырмалы талдау сияқты әдіснама жиынтығы мен жинақтау, объективтілік, ғылыми таным ұстанымдары басшылыққа алынды. Мақалада нақты тарихи қажеттілік, тарихи тағылым, тарихи зерде негізінде қоғамдық-саяси мәселелер бойынша жаңа көзқарастар, ғылыми ойлар ескеріліп отырды.

Талқылау

Қазақстан өзінің тәуелсіздігін алғаннан кейін жазылған зерттеу жұмыстарының орны ерекше. Бұл еңбектердің құндылығы сонда, оларда Қазақстанның кеңестік кезеңдегі тарихына мұрағат қойнауларында ондаған жылдар бойы құпия сақталып, ғылыми айналымға түспеген құжаттар негізінде шынайы баға берілген еңбектер жарыққа шыға бастағаны анық. Талас Омарбеков еңбектерінде қазақ халқының дәстүрлі өмір сүру шаруашылығының қалай қарастырылып, кеңестік аграрлық реформалар нәтижесінде ауыл шаруашылығын жаппай ұжымдастыру зардаптары қарастырылған (Омарбеков, 1997: 59). Елімізде жүргізілген ұжымдастыру саясатының зардаптарын мен ауқатты шаруа қожалықтарын тәркілеудің салдарларын тарихшы-ғалым Талас Омарбековтың «Зобалаң», «Қазақстан тарихының XX ғасырдағы өзекті мәселелері», «XX ғасырдың 20–30 жылдарындағы Қазақстан қасіреті» зерттеулерінде сталиндік-кеңестік кезеңнің қайшылықты тұстарының көлеңкелі, бірақ тарихымызда ұзақ жылдар «жабық» болып келген мәселелері жаңа, егемен елдің тарихы тұрғысынан мұрағат қорларынан алынған құжаттар негізінде қарастырады. Зерттеуші Қазақстандағы жаппай кеңестендіру саясатын, сауатсыздықты жою, қазақтандыру науқанын, мәдени құрылыс тарихын тың деректер арқылы ашуда Қазақ Орталық Атқару Комитетінің қызметіне тоқталып өткен.

Сонымен қатар Ж. Әбілхожиннің «Традиционная структура Казахстана» деген монографиясында қазақтың көшпелі және жартылай көшпелі тұрмыс-тіршілігі, оның шаруашылығы туралы теориялық пайымдаулары, оны бір мезгілде күштеп қаратудың трагедиялық сипаты аясында қарастырылған. Онда отырықшыландыру саясатына да талдау жасалған. Аталған мәселеге қатысты еңбектерде елімізде жүргізілген ұжымдастыру саясатының зардаптары талдана отырып, ауқатты шаруаларды тәркілеудің салдарларын жан-жақты сипатталады.

Кеңестік аграрлық саясат туралы ақиқат тұрғысынан жазылған зерттеулер XX ғасырдың 90-жылдарынан бастау алып, нәтижесінде арнайы зерттеулер мен монографиялар жарыққа шықты. Қазақстандағы 1920–1930 жж. элеуметтік-демографиялық үрдістер жан-жақты зерттеле бастады. М.Қ. Қозыбаевтың Қазақстан тарихындағы «ақтаңдақтарға» байланысты еңбектері және оның ұжымдастыру мен XX ғ. 30-жылдарындағы саяси қуғын-сүргін туралы зерттеулері бұл мәселені саралауға көп септігін тигізді. Сонымен қатар зерттеушілер Қ. Алдажұманов, Ж. Әбілхожин бірігіп

жазған мақаласы «Вопросы истории» журналы арқылы Москвада жарияланып, 30-жылдардағы алапат аштық пен босқындық зобалаңын әлемге алғаш рет әйгіледі. Қазақстанда жүргізілген 1930–1933 жылдардағы күштеп ұжымдастыру науқанының қасіреті мен шаруа қожалықтарын тәркілеудің тарихи салдарларын мұрағат құжаттарының негізінде талданады.

Нәтижелер

Ресейде 1917 жылғы Ақпан және Қазан революциялары Қазақстан сияқты отарланған өлкелерге де әсерін тигізді. Төңкеріс барысында елдің саяси ахуалы мен әлеуметтік-экономикалық өміріне үлкен өзгерістер әкелді. Осындай аласапыран кезеңде Алаш қайраткерлерінің алдында Қазақ елінің болашағына қатысты міндет тұрғанда, олар сол жауапкершілікті көтере алды. Өз алдына жеке мемлекет құру мәселесін күн тәртібіне қойып, Алаш Орда деген Ұлттық мемлекеттің дүниеге келуіне ықпал етті.

Ойымыз дәлелді болу үшін «Қазақ» газетінің 1917 жылғы 225-санында басылып, ұлан-байтақ қазақ даласына «Алаш ұлына» деген тақырыппен таратылған мына бір Үндеуден үзінді келтіргенді жөн көрдік: «Азаттық таңы атты. Тілекке құдай жеткізді. Күні кеше құл едік, енді бұл күні теңелдік. Қам көңілде қаяудай арман қалған жоқ. Неше ғасырлардан бері жұрттың бәрін қорлық та, құлдықта ұстаған жауыз үкімет, өзгеге қазған оры өзіне көр болып, қайтпас қара сапарға кетті. Жүз жылдан бері халықты теңдікке жеткізу жолында ескі үкіметпен алысып, дарға асылып, оққа ұшып, басы айдауға, малы талауға түсіп жүрген сабаздар жасымай, бірі кемісе, оны артылып, ақырында, Россияда қол астындағы халықтардың бәріне: дін, ұлт, тіл айырмасына қарамай, азаттық әперді. Енді бүгін теңеліп, түсімізде көрмеген жақ-сылықты өңімізде көріп, төбеміз көкке жетіп отыр. Бұл күнге жеткізген құдайға мың шүкірлік! Бұл бостаншылық кілтін ашқан ерлерге сансыз рахмет...!» Ғалихан, Мұстафа, Мирықуб. Петроград – 20/III» (Тайшыбай, 2022: 25). Дей келе, құжаттан байқап отырғанымыздай, бұл қазақ халқының Тәуелсіздікке деген үмітіне сәл де болса ұшқын түсірген алғашқы саяси құжат еді. Алаш зиялылары Қазақ елін дамытудың барлық салаларында аянбай қызмет етті. Дегенмен, жаңа құрылған үкімет барлық отарланған халықтардың азаттық алуға құқылы екенін ресми айтқанымен, іс жүзінде жағдай мүлдем басқаша болып шықты. Қанаты қатайып келе жатқан тоталитарлық әкімшіл-әміршіл кеңестік жүйемен ымыраласа алмаған дүниелердің бәрі қуғындала бастады. Мәселен, 1924 жылы Смағұл Сәдуақасұлы құрамында Мағжан Жұмабайұлы болған «Бірлік» үйірмесінің саяси мәніне тоқтала келіп, былай деді: «Ақпан төңкерісі болғанда мен мектеп орындығында едім. Революцияға қырғыз (одан әрі қазақтар – Ибраева А.) оқушыларының ешқайсысы, оның ішінде мен де мүлдем дайын емес екенімді атап өту қажет деп санаймын. Автократия кезіндегі саяси жұмысымыз «Бірлік» қырғыз жастарының үйірмесін ұйымдастыру болды. «Бірлік» ұйымының мақсаты оның жарғысында айтылғандай, қырғыздар арасында мәдениет пен ағартушылықты тарату, сондай-ақ, Қырғыз әйелін босату болды» (ҚР ПА. 20-қ. 1-т. 07875-іс. 23-п.).

Дегенмен, бұғанасы әлі қатая қоймаған Кеңес үкіметі 1918 жылы 31 мамыр – 1 маусым аралығында болған Чехословак корпусының бүлігі нәтижесінде Поволжьеде, Сібірде және Қазақстанның солтүстігінде, соның ішінде Петропавлда құлады. Осы мүмкіндікті пайдаланған Алаш жастары Омбыға жиналып алғашқы қазақ жастарының съезін өткізеді. Жалпықазақ жастарының ұйымын «Жас азамат» деген атпен құрып, орталық комитетін сайлайды. Алаш қайраткерлерінің өз алдына жеке мемлекет құрамыз деген мақсатының орындалу арманы да алыс емес сияқты көрінген еді. Осыған орай, Әлихан Бөкейхан бастаған Ұлттық Алаш-Орда үкіметі 1918 жылғы 11–24 маусым аралығында Кеңес үкіметінің заңнамасына қатысты, «Кеңес үкіметі автономды Алаш аумағында шығарған барлық жарлықтар жарамсыз деп танылсын» – деген Қаулы қабылдайды.

Елдегі қарбалас жағдайды пайдаланы, Алаш-Орда үкіметінің билігін бүкіл елде жүргізу мақсатында облыстар мен уездерде Алаш-Орда кеңестерін ұйымдастыру туралы туралы төмендегідей Қаулы қабылдаған:

«1) Алаш-Орда үкіметі Алаш автономиясының аумағын облыстық және уездік жергілікті кеңестер арқылы басқарады; 2) Облыстық және уездік кеңестердің құрамын Алаш-Орда уақытша тағайындайды; 3) Облыстық және уездік Кеңестер кемінде үш мүшеден тұрады; 4) Облыстық және уездік кеңестердің сайланбалы мүшелерін Алаш-Орда бекітеді; 5) Алаш-Орданың облыстық кеңестері:

– Алаш әскерін құру үшін жігіттерді шақырумен, ол үшін шақыру тізімдерін жүргізеді, шақырылатын жігіттердің санын анықтайды, оларды уездер бойынша бөледі, әскерге шақыру тәртібін анықтайды, әскердің қамтамасыз етілуіне қамқорлық жасаумен;

– 1917 жылғы 5–13 желтоқсанда Орынбор қаласында жалпы қырғыз кеңесі белгілеген салықтарды жинаумен;

– Алаш Құрылтай жиналысын шақыруға материалдар дайындаумен;

– Алаш халқының мәдени-экономикалық дамуын қамтамасыз етумен;

– Мемлекеттік тәртіп пен қоғамдық тыныштықты сақтаумен айналысады...».

Төраға: А. Бөкейханов,

Мүшелері: М. Тынышбаев, Х. Ғаббасов.

1925 жылдан бастап Алаш қайраткерлеріне қарсы саяси қудалау ашық түрге ие болды. «Ақ жол» газетін қудалаудан басталған шаралар алаштықтарға қарсы репрессияны одан сайын күшейтуге ықпал еткені сөзсіз. Сонымен қатар, осыдан бастап большевиктердің Алаш қайраткерлеріне басталған қуғын-сүргінді эмиграциядағы белгілі қоғам қайраткері Мұстафа Шоқаймен байланыстыруды көздегені құжаттар арқылы дәйектелді. Осыдан соң оқу ағарту, баспасөз саласында қазақ интеллигенциясын жаппай қудалау ресми түрде басталғаны деректермен айқындалды (Литвин, 1995: 65). Қазақстандағы қудалаудың келесі кезеңі БКП (б) Қазақ өлкелік комитетіне Ф.И. Голощекиннің келуі одан әрі жандандырылды. Ол басшылық етіп тұрған кезде, Қазақ Өлкелік Комитеті Өлкелік Бақылау комиссиясымен бірігіп, қазақ партия – кеңес қайраткерлеріне қарсы күресті күшейтті. Алаш зиялыларына қатысты деректер оларға қарсы үлкен сот үдерісінің даярланып жатқанын айғақтайды. Алаштықтардың коммунистік партиядан шығарылуы, әртүрлі қылмыстық істерге тартылуы, баспасөз беттерінде сыналуы, міне, осы мәселенің жасалуы жолын анықтады. Байларға және басқа категорияларға қарсы қуғын-сүргін жүргізудің заңды негізі Бүкілресейлік Орталық сайлау комиссиясы Президиумының 1928 жылғы 14 наурыздағы «Ірі байлар мен малшылардың отбасыларымен тұрақты тұратын жерлерінде жер пайдалану және тұру құқығынан айыру және олардың мүлкін тәркілеу туралы» Қаулысы болды. Осы құжат, сондай-ақ оның негізінде қабылданған «Бай шаруашылықтарын тәркілеу туралы» 1928 жылғы 27 тамыздағы Қазақ АКСР ОАК мен ХКК Қаулысы кеңес заңнамасы тұрғысынан 1928 жылғы 30 тамыздағы ОАК және Қазақ АКСР ХКК қаулысын қолдану жөніндегі Нұсқаулық болды (Карин, 2022: 88).

1928 жылғы 27 тамыздағы қазақ байларын тәркілеу туралы декреттің жүзеге асырылуы алаштықтарға қарсы заңнамалық негізде әрекеттер жасалуына ықпал етті. Әсіресе, қазақ зиялыларының өздері мен туыстарының мал-мүліктерін тартып алуға жасалған ашық шабуылдар жөніндегі бірқатар архивтік деректер мәселенің жан-жақты ашылуына арқау болды.

XX ғасырдың 20-жылдарындағы қазақ байларының қоғамдағы әлеуметтік орны туралы мәселе әлі күнге дейін жаңаша көзқарасты қажет етіп отыр. Әлден соң, Кеңес үкіметі орнаған жылдары Қазақстанда байлардың, кедейлердің үлес салмағы қанша болды деген сауалға белгілі тарихшы-ғалым Т. Омарбековтің зерттеулерінен мына бір мәліметті келтіруге болады: 1924–1925 жж. 0,2 пайыз, 1925–1926 жж. 0,6 пайыз, 1926–1927 жж. 1,1 пайыз, 1927–1928 жж. 1,3 пайыз болған. Бұл мәліметтен байқап отырғанымыздай, 1928 жылға қарай ауқатты деген қазақстар қоғамның бір пайыздан астамын ғана құраса, керісінше кедей мен батырақтар халықтың 60 пайызын, олардан әл-ауқаты жоғарылар қалған үлес салмақты құраған.

Қазан төңкерісі туындатқан Азамат соғысынан кейін 1921 жылы қазақ ауылы ашаршылыққа ұшырады. Халықтың әл-ауқаты төмендеп, қолдағы бар малды есептегенде қырық тұяқтан асатын ауқатты қожалықтар барлық малдың 1,5 пайызына ие болса, тәркілеу қарсаңында 14,8 пайызына иелік еткен. Ал ірі қараға шаққанда қанша болатыны «Малдың бір түрін екінші түріне аудару коэффициенті туралы» Қазақстанның Халық Комиссарлары Кеңесінің 1928 жылғы шілденің 30-ында жарық көрген қаулысында: «бес қой, алты ешкі бір қара малға теңестірілген» (Абылгожин, 1991: 41). Өкінішке орай, қазақтың қасіреті Қазақстандағы билікке Ф. Голощекин келгеннен кейін басталды. 1925 жылғы қыркүйек айында Қазақ Өлкелік партия комитетінің басшылығына келе сала: «Қазақ Республикасында революцияға дейінгі ескі салттарды жою үшін ұйымдастырылған арнайы іс-шаралар ойдағы нәтижені бермей жатыр», деген қорытынды шығарып, байлар, хан-сұлтандар тұқымы Кеңес идеологиясын насихаттауға қарсы жұмыс жасауда, олар рушылдық пен ұлтшылдықты тудырып, республиканың мәдени және экономикалық дамуын тежеп тұр», деген тұжырым жасайды. Ондағы мақсат әлеуметтік

саралау арқылы дәстүрлі қауымдастықты жою, таптық күрес теориясының қисынына сүйене отырып, қазақ дәстүрлі қоғамында «әлеуметтік теңдікті» орнату үшін байлық институтының әлеуметтік-экономикалық және саяси негіздерін бұзу қажет деп санады.

Голощекиннің «Кіші Қазан» идеясы қазақ қоғамының ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрлі шаруашылығын жойып қана қойған жоқ, ол қазақ халқына ұзақ жылдар бойы оңалмайтын қасірет әкелді. Қоғамды әлеуметтік жіктеуді «кедейлерді ғасырлар бойғы бай-феодалдық қанаудан босату», деген идеологиялық науқанмен жүзеге асырылды. Дей келе, таптық күрес теориясының қисынына сүйене отырып, қазақ дәстүрлі қоғамында әлеуметтік теңдікті орнату үшін ресми органдар байлық институтының өзінің әлеуметтік-экономикалық және саяси негіздерін бұзу қажет деп санады. Қазақ ауылында байлар өз отандастарына көбірек билік, бедел және басым ықпал етті. Республикада қолданыстағы режимге қауіп төндіретін ауыл тұрғындарының «байлар» бөлігін шектеу, содан кейін жою үшін бірқатар ірі шаралар қабылданды.

Осындай желеумен таптық күресте кедей-кепшік, жоқ-жұтандарды тәуелділіктен босату үшін Қазақ АКСР Орталық Атқару Комитеті және Халықтық Комиссарлар Кеңесі шығарған арнайы бұйрықта: «Қазақ АКСР-де (Адай округі және бұрынғы Жетісу, Сырдария губерниялары мен Қарақалпақ автономиялық облысының мақталы аудандарынан басқа) ауылды «кеңестендіруге» қарсы, әлі де феодалдық көзқарас ұстайтын барлық жергілікті байды қудалау керек, «Кіші Қазанмен ауыл бойынша жүріп өту керек», делінген.

Бұл құжат негізінде, 1927 жылы желтоқсанда ірі байлардың шаруашылығын тәркілеу жөнінде Қазақстан Орталық Атқару Комитеті (ҚОАК) және Халық Комиссарлар Кеңесі жанынан заң жобасын әзірлейтін арнайы комиссия құрылды. Комиссияның төрағасы болып Е. Ерназаров тағайындалды. Оның құрамына — О. Исаев, Н. Нұрмақов, Ғ. Тоғжанов, О. Жандосов және т.б. кірді. Содан кешікпей 1928 жылдың 27 тамызында Орталық Атқару комитеті мен Халық Комиссарлары Кеңесінде байлардың мал-мүлкін тәркілеу жөніндегі заң жобасы қабылданып, барлық ауданда тәркілеуді өткізу жөнінде нұсқаулар жіберілді. Осылайша Қазақстанда бай, кулактарды тап ретінде жою науқаны басталып кетті.

Күрделі науқанның басталуымен республиканың округтерінде тәркілеуді жүргізу жөніндегі уәкілдер тағайындалды. Тікелей ауылдарға мыңнан астам уәкілдер жіберілді. Осы құжатты қабылдау соттан тыс заңсыз органдар — үштік, бестік, ерекше кеңестермен жүзеге асырылған жазықсыз, бейбіт халыққа қатысты қуғын-сүргін саясатын жалғастыруға мүмкіндік берді (Kozybaeva, 2015: 562).

Қаулы бойынша тәркіленіп, жер аударылған тиісті қазақтар екі топқа бөлінген. Бірінші топ — «Ірі байлар», екінші топ — «Қауіпті элементтер» деп аталды. Бірінші топқа жататындарға қатысты қағида мынадай: «Үлкен байлығының арқасында, бұрынғы ата жуандығы, бектік, мықтылығына сүйеніп, ел ішінде рушылдықты қоздырып, кеңес жұмысының ілгері басуына кесел тигізіп келген Қазақстандағы ірі байлар жер аударылсын».

Бұл топ, яғни «ірі байлар» кімдер еді? Олар — «көшпелі аудандарда, барлық мал саны ірі қармен есептегенде 400-ден жоғары, жартылай отырықшы аудандарда — 300-ден, отырықшы аудандарда — 150-ден артық ірі қара малы бар байлар». Отырықшы аудандарда «ретіне қарай жоғары көрсетілген норманы 100 қараға дейін кемітуге Қазақ Халық Комиссарлары кеңесінің хақы бар», делінді. Бұл бапқа түсінік ретінде, малы көрсетілген мөлшерге жетпесе де, «жер аударылуға тиісті адамдардың қатарына кіретін болса, ондайларды Қазақ Халық Комиссарлары кеңесінің ерекше қаулысымен жер аударуға» болады, деп көрсетілгені тағы бар.

Сонымен қатар, БКП(б) Қазақ өлкелік комитеті жанындағы партия комиссиясы отырысының 1928 жылғы 30 тамыздағы № 10 хаттамасымен байлардың шаруашылығын қоныстандыру және көшіру аудандары айқындалды:

— «Сыр-Дария және Жетісу округтерінен шығарылғандар Орал округіне; Оралдан — Жетісу облысына; Гурьевтен — Петропавлға; Қарқаралы округінен — Орал округіне; Павлодардан — Ақтөбеге; Семейден — Шымкентке; Петропавлдан — Ақтөбеге; Қызылорда облысынан — Адаевскийге; Ақмоладан — Гурьевке; Ақтөбеден — Қарқаралыға; Қостанайдан — Семейге;

— қоныс аударушылардан бөлек ауылдар құрылмауы керек, оларды жұмыс істеп тұрған ауылдарға қоныстандыруы тиіс» (Қабылдинов, 2022: 156).

БМСБ-ның (ОГПУ) алдын ала болжамды мәліметтеріне сәйкес республика бойынша 700 шаруашылық тәркіленуге тиіс болды, олардың ішінде ірі меншік иелері ретінде — 600 адам, әлеуметтік қауіпті элементтер ретінде — 100 адам анықталды. Отандық тарихнамада мал 696 шаруашылықтан

алынды деп айтылған. Алайда, тәркіленген және шығарылған шаруашылықтардың жалпы саны 1034 бірлікке жетті деген қорытынды жеке меншікке біріктірілген бірнеше шаруашылықтардың бөліну фактісін куәландыратын Мемлекеттік салық құжаттарының негізінде жасалды.

1928 жылдың мамыр айының басында БКП(б) ОК Қазақстанның партия ұйымына берген директивасында: «Ірі мал иеленушілердің, сондай-ақ бұрынғы артықшылықтары әлеуметтік топ өкілдерінің экономикалық және саяси ықпалына қарсы күрес мақсатында мүлікті тәркілеуді жүргізу қажет» – деп санаған.

Осылайша республикадағы партиялық және кеңестік органдар қазақ халқының «жаулары» ретінде қазақ байларының беделін түсіруге бағытталған саяси науқан бастады. Бұл мәселе Қазақстан ОАК Президиумының 1928 жылғы 8 тамыз бен 5 қыркүйектегі «Қазақстанның барлық еңбекшілеріне» үндеуінде жарияланды. Губерниялық атқарушы комитеттер аудандық бюро мен ауылдық Кеңестердің төрағаларына жіберген баспасөзде және циркулярлық хаттарда Кеңес өкіметінің бұл іс-шарасы тек ауылдың кедей жіктерінің мүддесі үшін өткізіледі деген желеумен, әлеуметтік топтар арасында бір-бірін жеккөрушілік туғызды (Халидуллин, 2001: 112).

1928 жылы байлардың мүлкін тәркілеу науқанына дайындық кезінде Алаш қайраткерлері еңбек шаруашылығын анықтайтын малдың шекті нормасын арттыруға және сол арқылы оның саны белгіленген нормадан асқанын ғана жою арқылы бай шаруашылықтарының контингентін қысқартуға тырысты.

Архив құжаттарын саралай отырсақ, осы күрделі мәселеге байланысты Алаш қайраткерлерінің арасында хат алмасу жүргізілді, мәселе төңірегінде қоғамдық пікір құрылды және науқанға дайындық жұмыстарына қатысы бар Кеңестік аппараттың қызметкерлерімен, үкіметтің жоспарлаушы органдарының құрамында болған зиялылардың, үнемі байланыста болғанын байқаймыз.

Белгілі қоғам және мемлекет қайраткері М. Тынышпаев: «1928 жылы Қазақстанның үкімет органдары байлардың мал-мүлкін тәркілеу науқанына дайындық жүргізіп жатқан кезде, мал-мүлкі тәркіленіп өздері жер аударылуға кесілетін байлардың санын азайту үшін біз тәркіленуге жататын шаруашылықтың мал санының мөлшерін неғұрлым жоғары белгілеу туралы қоғамдық пікір қалыптастырдық... Мұның барлығы Мемлекеттік жоспарлау мекемесі мен Жер жөніндегі комиссариатқа тікелей байланысты еді. Ол кезде Мемлекеттік жоспарлау мекемесінде біздің ұйымның мүшесі Ғаббасов халел қызмет істейтін, ол біздің мақсатымызды жүзеге асыруға тырысты, ал біздің ұйымның ықпалында болған, біздің ұйымымызбен кездесіп, келіссөз жүргізген Сұлтанбеков Жер жөніндегі комиссариатта жұмыс істейтін» – деп көрсетті (ҚР ҰККА. 9-қ. 1-т. 2370-іс. 313-п.).

Кеңес үкіметінің байлардың мал-мүлкін тәркілеудің арты жақсылыққа әкелмейтінін түсінді. Себебі ғасырлар бой мал шаруашылығына негізделген қазақ қауымынан малын тартып алу мүлдем дұрыс әрекет емес екенін жеткізуге тырысты. Сондықтан, Алаш зиялылары Қаулының күшіне енген байлардың тізімін алдын-ала біліп, аудандарды аралап, алдағы науқан туралы оларға ескертті және оған қарсылық білдіруге шақырды. Мәселен, куәгер Байсеңгіровтың мына бір мәліметінен: «Міржақып Дулатов Мерке ауданында болған кезде өзінің маңына жиналған осы ауданның байларына ол тәркілеу науқанына қатысты мәселелер жөніндегі мақсатына қарсы бағытталған бірнеше нұсқаулар берді» – деп көрсетті (ҚР ҰККА. 9-қ. 1-т. 2370-іс. 888-п.).

Ал айыпталушы Мұхамеджан Тынышпаевтың тергеу ісінде бұл мәселе туралы былай делінген: «Біз, ұйым мүшелері, байлардың жер аударылуына және олардың мал-мүлкінің тәркіленуіне қарсы шара қолданып, оларға алдын-ала ескертіп отырдық, сөйтіп науқанның жүргізілуіне бөгет жасадық. Соның ішінде, менің өзім біреулер арқылы Тұрысбековтерге, Тәңірбергеновтерге және Есенқұлға және басқаларға, сонымен қатар Лепсі уезіндегі өзім шыққан «найман» руының байларына хабар бердім» (ҚР ҰККА. 9-қ. 1-т. 306-іс. 19-п.).

Колхоз құрылысы бойынша мен Еркемов және Досмұхамедовпен бірнеше рет сөйлестім. Әңгіме барысында ойымыз бір жерден шығып, негізінен колхоздарға қарсы болдық. Бірақ колхоздарды ұйымдастыру міндетті болғандықтан, біз қазақ халқы арасында шағын колхоздарды ұйымдастыруға қол жеткізу керек деген пікірге келдік. Ондағы ойымыз, қазақ қоғамындағы рулық жүйе әлі де өте күшті деген сенімге сүйене отырып, біріктірілген мал-мүлік өз иелерінің қолында қалуды жалғастыратын жартылай жалған колхоздардың құрылысы болу керек деген пікірді алға тарттық.

Бұл біздің ұйым мүшелерінің ортақ пікірі болды және біздің арамызда келіспеушіліктер болған жоқ, әсіресе біз Әлихан Бөкейхановтың және т.б. қайраткерлердің пікірін білдік. Біз кедейлердің бірігіп, рулық топтарда өмір сүріп, байдың артында тұруды жөн көрмейтініне сендік, өйткені бізде

рулық принциптер өте күшті. Біз бұл туралы көптеген партия және коммунист қызметкерлермен сөйлестік және олардың дәл осындай көзқараста екенін білеміз. Колхоз құрылысын жүргізуде бұл қағидат үлкен қиындық тудырмайтына сеніміміз мол болды. Осылайша, біз кедейлердің тапқа бірігуіне жол бермеуге және рулық тәртіпті сақтауға тырыстық. Біз мұны Бұралқиев, Кудерин сияқты кеңестік жандайшаптарға жеткізу арқылы жүзеге асыруға тырыстық. Бұл біздің көзқарастарымызға қайшы келмеді және бізден кеңес сұраған қазақтарға дәл осындай ұжымшарларды ұйымдастыруға кеңес бердік. Біз бұл идеяны колхоз құрылысы бойынша жұмыс жүргізген және осы жұмысқа басшылық еткен қазақ қызметкерлерінің санасына сіңетіндей етіп таратуға тырыстық» (ҚР ҰҚКА. 9-қ. 1-т. 306-іс. 19-п.).

XX ғасырдың басында Қазақстанда жүргізіліп жатқан шаруашылық-саяси науқандар мен іс-шараларды Алаш қайраткерлері большевиктердің отарлау саясатының көрінісі ретінде қарастырды және оған қарсы бағытталған өзінің саяси қызметін жүзеге асыруға тырысты. Еуропалықтардың Қазақстанға қоныс аударуы, ет дайындау, байлардың мал-мүлкін тәркілеу, жер саясатын қоса алғанда жасалып жатқан әрекеттер Алаш қайраткерлерінің тарапынан большевиктердің отарлау саясатының нысаны ретінде қарастырылды.

Кеңес үкіметіне қарсы элемент ретінде байларға қарсы, бұрынғы патша қызметкерлеріне агентуралық материалдар 1928 жылғы шілденің басынан тамыздың 20-на дейінгі аралықта жинақталған. Бейнеткөр, Қызыл Әскер, Төңкеріс аудандарына қатысты мәліметтерге сүйенсек, байлардың шаруашылығын тізімге алу, тәркілеу жұмыстары кеш басталған. Бұл мәселе бойынша түсіндірме жұмыстарын жүргізу үшін Округтік бөлімнің қызметкерлері тамыздың 9 күні арнайы іс-сапармен жоғары аталған аудандарға жіберілген. Олар аудандарға келісімен Қаулыны жүзеге асыру бағыттары бойынша тұрғындар арасында түсіндірме жүргізіп, байлардың шаруашылығын есепке алу ВКП (б) Округтік комитетінің арнайы әзірлеген анкеталық жүйесі (ірі қараға шаққанда 150 бастан жоғары, бұрынғы билер, болыстар т.б.) бойынша жүргізілді.

Құжаттарды саралап қарап отырсақ, Қаулының ережелерін халыққа түсіндіру, шаруашылықты есепке алу, тәркілеуге дайындық жұмыстары басқа аймақтарға қарағанда солтүстік өңірде шілде айында кеш басталғанын байқаймыз. Сонымен қатар, Округтік бөлімде тұрақты қызметкердің болмауы, іс-сапарға келген қызметкерлердің қазақ тілін білмеуі, бұл науқанның үстіртін жүргізілгенін көрсетеді.

БМСБ-ның Округтік бөлімінің өкілдері Қаулының В/директивасы бойынша санаттарға бөлгенде әр ауданның экономикалық қуаттылығы мен саяси жағдайының ерекшеліктерін негізге алды. Мәселен, Төңкеріс ауданы шаруашылық қуаттылығы және мал санына қарай көшпелі ауданға жатқызылғанымен, бірінші топқа енетін (150-ден астам ірі қара малы бар) бірде-бір бай шаруашылығы болмаған. Ал, Қызыл-Әскер ауданынан басқалары отырықшы аудан санатына енген. Егер әр байдың қоғамдық-экономикалық жағдайына әр аудан бойынша қарастыратын болсақ, онда мынадай көріністі байқаймыз: 100–150 бас малы (ірі және ұсақ) бар байдың 20-дан 40 десятинаға дейін шабындығы, 10-нан 70-ке дейін және одан да көп егістік алқабы, күрделі ауылшаруашылық машиналары, кейбіреуінде трактор мен бу бастырғышты, үйлер мен үй жабдықтарын, 2-ден 6-ға дейін батрактарды ұстайды (Төңкеріс, Бейнеткөр, Еңбекшілдер аудандары).

Осындай пайымдаулардан кейін ОГПУ-дың Округтік бөлімі бай шаруашылығын санаттарға бөлгенде ауданның көшпелі, жартылай көшпелі, отырықшы түріне емес, әр байдың жеке шаруашылығына қараған (ҚР ҰҚКА. 9-қ. 1-т. 451-іс. 186-188-пп.).

Осы пайымдауларға сүйене отырып, ОГПУ Округтік бөлімі 6 аудандағы алдын-ала есепке алынған 96 бай шаруашылықтарының ішінен тек 40 ең ірі және қуатты шаруашылықтарды іріктеп алып, олардың иелерін бұқараны қанаушы, зиянды элемент деп есептеген.

Қазақстанның, оның ішінде Солтүстік Қазақстан облысының жерлері ежелден мал шаруашылығы мен егіншілікті жүргізуге өте қолайлы болған. Сондықтан жергілікті, автохтонды тұрғындардың едәуір бөлігі мал шаруашылығымен айналысып, бірқатары бай және ауқатты болды. Дегенмен, «таптық теңсіздікті» жою қағидасын ұстанған жаңа билік байлар кеңестерге қазақ ауылында жаңаша бетбұрыстарға кедергі келтірді, деп пайымдады. Шынымен де, байлары жергілікті тұрғындар, сондай-ақ қоныс аударған шаруалар арасында үлкен бедел мен құрметке ие болды. Мәселен, 1928 жылғы мәліметтер бойынша Солтүстік Қазақстан облысының аумағында «байлар» санатына жатқызылған 40-тан астам қазақ шаруашылықтары өте ауқатты болған. Олардың барлығы тәркілеу және әкімшілік қуғынға ұшырады.

Құжаттардан байқап отырғанымыздай, Қазақ АКСР ОАК мен ХКК 1928 жылғы 27 тамыздағы Қаулысы шықпай-ақ Өлкелік партия комитеті аймақтарға алдын-ала тапсырма беріп қойғанын мына бір құжаттан байқауға болады: «Ірі байларды тәркілеу және ауылдан көшіру жөніндегі дайындық іс-шаралары туралы» БКП (б) Петропавл округтік комитеті бюросының Резолюциясынан үзінді (Бюроның 1928 жылғы 14 тамыздағы № 5 хаттамасына қосымша).

Құжатта Кеңес үкіметі ірі байларды тәркілеу және тұрғылықты жерінен көшіру жөніндегі науқанға үлкен саяси мән бере отырып, іс-шараны күзгі кезең ішінде жүзеге асыру қажет деп ұйғарды, БКП (б) барлық аудандық комитеттеріне бұл мәселені ауыл мен барлық кеңестік қоғамдастығының назарына қою ұсынылды. Тәжірибелік шаралар ретінде мына шаралар аталды:

– қазақ аудандарының барлық партиялық комитеттері ауылдың кедей және орта таптарының арасында жұмысты өрістетіп, осы жұмысқа ауылдық белсенділердің ең үздік күштері жұмылдырылсын;

– БКП (б) аудандық комитеттеріне ауылдың ірі бай және басқа да әлеуметтік-зиянды элементтерін анықтау жөніндегі жұмысты күшейтуді және байларды, малдарды бөлу мен айдаудың жолын қарастыру шараларын қабылдау ұсынылсын;

– белгіленген іс-шараларды жүргізу үшін ауданға округ комитетінің уәкілдерін шұғыл жіберу қажет деп танылсын;

– Т. Ысқақовқа (аудандық комитеттің жауапты хатшысына) осы қаулыны бір тәулік ішінде БКП (б) аудандық комитеттеріне директивалық хат арқылы тарату тапсырылсын.

БКП (б) ОК бюросының хатшысы – Уразумбетов» (СҚОМА. 5-қ. 1-т. 16-іс. 18–19-пп.).

Қазақстан Орталық Атқару комитеті мен Халық Комиссарлары Кеңесінің 1928 жылғы 27 тамыздағы қаулысы шыққан күннің ертеңіне Петропавл округтік партия комитетінің бюросы мынадай қаулы қабылдайды:

Қаулы етті: БКП (б) Өлкелік Комитетінің байларды тәркілеуді жүргізу туралы директивасы басшылыққа алынсын:

1. Аудандық атқару комитеті төрағасының орынбасары Т. Бураевтың төрағалығымен тауартанушы орынбасарымен аудандық атқару комитеті жанынан комиссия құру қажет деп саналсын. Кепілзаты және мүшелері: Округтік земстволық басқармадан (ОкрЗУ) – Бекенова, ОГПУ-дың округтік бөлімінен – Валиниек, Қосшыдан – Жолтаев, Округтік одақтардан, Округтік жер, орман бөлімінен – Қадырбаева және прокуратура төрағасы Т. Саттығұлов оның орынбасары болып тағайындалды.

Осылайша 1928 жылғы 20 тамыздағы жаңа науқан жағдайында алдағы уақытта байлардың мүлкін тәркілеуге байланысты олардың қызметі мынадай үш негізгі мәселе бойынша айқын көрінді: а) өз мүлкінің құнын қаржы түрінде сақтау үшін малды жаппай сату жолымен; б) шаруашылықтардағы малды жақын және алыс туыстар арасында бөлу; в) өздерінің табындары мен мүліктерімен сату арқылы шетелге көшуге батыл әрекет жасау. Байдың саяси көңіл-күйі де дәл осындай сәттермен анықталды (Уяма, 2012: 320).

Қазақстан Республикасы Ұлттық Қауіпсіздік комитетінің архивінде, Солтүстік Қазақстан облыстық мемлекеттік архивінде, Солтүстік Қазақстан облыстық Полиция департаментінің архив қорларында жүргізілген ізденіс, құжаттармен ғылыми-сараптамалық жұмыстардың нәтижелері арқылы өңірде байлардың, кулактардың мал-мүлкін тәркілеу және оларды қуғын-сүргінге ұшырату жұмыстары туралы біраз маңызды мәліметтерді келтіруге болады. Мәселен, 1928 жылғы тамыздың 10 мен 20 аралығындағы байлардың шаруашылығын тәркілеуге дайындық жұмыстарын Петропавл округтік Біріккен мемлекеттік саяси басқару бөлімінің (ОГПУ) төмендегі мәліметтерінен байқауға болады.

1-кесте

№	Аудан атауы	Аудандардың сипаты (көшпелі, жартылай көшпелі, отырықшы)	Есепке алынған байлардың жалпы саны	Тәркілеуге белгіленген шаруашылықтар	Отбасы мүшелерінің жалпы саны	Олардың иелігіндегі малдың жалпы саны
1	Көкшетау	жартылай көшпелі	15	8	75	3425
2	Қызыл-Ту	жартылай көшпелі	20	8	47	2376
3	Бейнеткор	жартылай көшпелі	16	7	29	1486
4	Қызыл-Өскер	отырықшы	22	6	32	1013

5	Еңбекшілдер	жартылай көшпелі	16	5	34	1031
6	Төңкеріс	жартылай көшпелі	7	6	48	940
	БАРЛЫҒЫ		96	40	265	10271

Петропавл округтік Біріккен мемлекеттік саяси басқару бөлімінің (ОГПУ) бастығы Валениэк.

ІБ аға уәкілі Валиев (ҚР ҰҚКА. 9-қ. 1-т. 451-іс. 890-п.).

Бұл мәліметтен байқап отырғанымыздай, Кеңес үкіметі байлардың шаруашылығын тәркілеу жұмысына алдын-ала дайындықпен кіріскен. Жалпы біздің байқауымызша Петропавл округі бойынша ресми түрде есепке алынған шаруашылықтардың саны әр ауданда орта есеппен 30-дан алғанда, шамамен 200 шаруашылықты құраған. Жоғарыдағы кестеде келтірілген мәліметтер бойынша, бұл жердегі ең ауқатты деген байлардың шаруашылығына қатысты екенін байқаймыз. Ойымызды әрі қарай өрбітетін болсақ, біз қарастырған құжаттарда мал-мүлкі тәркілеуге және жер аударуға ұсынылған ауқатты байлардың тізімдері де берілген. Құжатты сол күйінде бергенді жөн көрдік.

I категорияға жататындар:

Көкшетау ауданы бойынша: Бекмұхамедов Нығметжан, Хасенов Жолдасқожа, Азнабаев Абжан, Кенжеғарин Шүкүм, Ташжанов Мұқлай, Байтіков Аббас, Қожахметов Шәужан, Закрияев Құрманқожа;

Еңбекшілдер ауданы бойынша: Сатыбаев Жабай, Хасанов Бекқожа, Искенов Сабыр;

Төңкеріс ауданы бойынша: Әлтиев Сәдуақас, Арабаев Әбдер;

Октябрь ауданы бойынша: Мұжықов Нұрәли, Макинов Мұхамеджан;

Қызыл-Әскер ауданы бойынша: Нұрпейсов Мұхамедқали, Сабырлин Жылқыбай;

Бейнеткер ауданы бойынша: Жұмабаев Ахметжан;

Қызыл Ту ауданы бойынша: Абдулкерімов Сәдуақас, Жанталин Селім, Шектібаев Рақымжан, Исин Сүлеймен.

II категорияға жататындар:

Қызыл Ту ауданы бойынша: Жанталин Қасым, Ташимов Шәміл, Абдурахимов Мұхамедрахым, Шаймерденов Әубәкір;

Қызыл-Әскер ауданы бойынша: Жәнібеков Раджап;

Еңбекшілдер ауданы бойынша: Омақұлов Шәріп, Дүйсембаев Сыздық;

Көкшетау ауданы бойынша: Исин Жәнібек;

Бейнеткер ауданы бойынша: Ыдырысов Мәлік, Жұмабаев Бекен, Тақамбетов Исамберді;

Төңкеріс ауданы бойынша: Торсанов Шариаздан, Ибраев Хамза;

Октябрь ауданы бойынша: Мурзалин Баялы, Шүбеков Ямшит, Кемелев Нұртаза.

Сонымен қатар бұл тізімге бұрынғы болыс билеушілері Дүйсембаев Сыздық пен Жұмабаев Бекен, бұрынғы офицер Абдурахимов Сұлтан да енген (ҚР ҰҚКА. 9-қ. 1-т. 451-іс. 892-п.).

Бұл ретте біз Сыздық Дүйсембаев, бұрынғы болыс басқарушы, Сұлтан Абдурахимов пен бұрынғы офицер және болыс басқарушысы Бекен Жұмабаевқа қарсы аймақтық бөлімде агентуралық материалдар болмағандықтан оларға меморандумдар берілмеген. Олар округтік комитеттің қазақ бөлімі мен Юсупбековтың талабы бойынша саяси, әлеуметтік-зиянды элементтер ретінде 2-ші санат бойынша шығарылғандар тізіміне енгізілді.

Осы ретте округтік бөлім бастығы Валинектің мәлімдемесінде: «Тізімге енген 40 ең ірі шаруашылық иелері әлеуметтік және саяси зиянды болып табылып, қуғын-сүргінге ұшырайды деп белгіленді. Ал жалпы тізімге енгізілгендердің ішінен ең зияндысы ретінде келесі тұлғалар белгіленді: Баймұхамет және Хасанбай Майкутовтар, Абылай Рамазанов, Әлжан Жұманов, Исламбек Әлжанов, Мұқантай Омарқұлов. Олардың істері бойынша ОГПУ окротделі жасырын тергеуге кірісіп, сіздің санкцияңызды сұраймыз». Окрбөлім Бастығы Валинэк. 6 / IX.1928 ж. № 4315/2. – делінген (ҚР ҰҚКА. 9-қ. 1-т. 451-іс. 893-п.).

Тәркілеуге ұшыраған байлардың әрі қарай тағдыры қалай болды деген сауал үнемі көкейде тұрғандықтан, архив қорларымен жұмысты жалғастыру жұмыстары жүргізілді. Мұндай мәліметтерді біз Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архивінен кездестірдік. Құжаттарды саралай келе, әр өңірде тәркілеуді ұйымдастыру және жүргізуге қатысты шешімдер қабылданған екен. Мәселен, Солтүстік Қазақстан бойынша Петропавл аудандық атқару комитеті «Ірі бай шаруашылықтарын тәркілеу және олардың иелерін шығару туралы» 1928 жылдың 21 қыркүйегінде қабылданған № 7 Қаулысында:

«Ескерту: 1-ші. Тұрмысқа қажетті және азық-түлік заттары, сондай-ақ еңбек шаруашылығын жүргізу үшін қажетті ең аз заттар тәркіленуге жатпайды.

2-ші. Ескертпе: еңбек шаруашылығын жүргізу үшін қалдырылатын жанды және жансыз заттары мен үй тұрмыстық заттарының нормалары Қазақ Орталық Аатқару Комитеті мен Халық Комиссарлар Кеңесінің бай шаруашылықтарын тәркілеу туралы қаулысын қолдану жөніндегі ХКК нұсқаулығының 2, 3 және 4-тармақтары негізінде есептеледі.

2) Жоғарыда аталған барлық адамдарды, сол сияқты олардың отбасыларын Қазақ Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы Ақтөбе округіне көшіруге, оларға көшіру туралы хабарланған күннен бастап екі апталық кезеңде және кез келген жағдайда жоғарыда аталған жерге көшіру үшін 15-қазаннан кешіктірмей мерзім беруге міндетті. Егер көрсетілген мерзімде белгіленген адамдар мен олардың отбасылары округтің шегінен шықпаса, оларды Біріккен мемлекеттік саяси басқару органдары мен жұмысшы-шаруа милициясы арқылы мәжбүрлеп шығару жүргізілсін.

3) Осы қаулының жариялануымен бір мезгілде шығарылатын адамдарға берілуге тиіс барлық құжаттар тиісті Аудандық атқару комитетіне оларды соңғы шығарылатын адамдардың қолына тапсыру үшін берілсін.

4) Жоғарыда аталғандардан басқа ешбір шаруа қожалықтары тәркіленуге және көшірілуге және 27.VIII.1928 жылғы Қазақ Орталық Аатқару Комитеті мен Халық Комиссарлар Кеңесінің қаулысының тәртібімен көшірілуге жатпайтыны белгіленсін. Округтің барлық кеңестік және шаруашылық органдары мен қоғамдық ұйымдарын өз жұмысын күшейтуге және ауыл еңбекшілерінің экономикалық өрлеуі мен мәдени дамуы үшін қажетті жағдайлар жасауға барлық шараларды қабылдауға міндеттелсін.

5) Көшіру және тәркілеу туралы ағымдағы жылдың 27 тамыздағы Қазақ Орталық Аатқару Комитеті мен Халық Комиссарлар Кеңесінің қаулысына бағынбағаны үшін, сондай-ақ оны дамытуға және түсіндіруге шығарылған барлық қаулылар мен нұсқаулықтарға, қарсылық көрсеткені үшін, сол сияқты тәркілеуге және көшіруге қарсы қарсылықты ұйымдастырғаны үшін және осы іс-шараларға барлық басқа да қарсылық көрсеткені үшін кінәлі адамдарды Қазақстан аумағынан шығарып жібере отырып, қылмыстық жауаптылыққа тартуға құқылы.

6) Аудандық атқару комитеті және Біріккен мемлекеттік саяси басқару органдары мен жұмысшы-шаруа милициясы мекемелері осы қаулының іске асырылуын қадағалауға және атқарылған жұмыс туралы есептерді Округтік атқару комитетіне ұсынуға міндеттеу».

Округтік атқару комитетінің орынбасары Бураев

Хатшы Чуйкин (ҚР ОМА. 135-қ. 1-т. 546-іс. «Степная звезда» № 147(2190).

Кеңестік тоталитарлық әкімшіл-әміршіл жүйенің қасіретін тарқан, мал-мүлкі тәркілеуге ұшыраған Алаш қайраткері, сол кездегі Солтүстік Қазақстан өңірінің ауқатты азаматтарының бірі Абылай Рамазанов болатын. Ол 1871 жылы Майлының Қара томар деген жайлауында дүниеге келген. Жастайынан дәстүрлі қазақ қоғамының құндылықтарын бойына сіңірген Абалай Рамазанұлының кәмпескеден бұрын 1924–1925 жылдары 800-ге жуық жылқысы болған екен. Оның шаруашылығында ағайындары, көмекшілері, жұмысшылары болған. Патша үкіметінің санақ басқармасының көші-қон бөлімінің 1908 жылғы Ақмола облысының Петропавл уезінің ауылдарын зерттеудің қорытындысына сүйенсек, Абылай Рамазанұлының ауылында 24 ер, 17 әйел адам, оларда 2 ағаш, 13 киіз, 11 шым үйлері болған екен (Ibrayeva, Temirkhanova, 2021: 88).

Кеңес үкіметінің Қазақстан жерінде жүргізген кейбір әрекеттеріне Абылай Рамазанұлы қарсы болды. Әсіресе, күштеп ұжымдастыру, байлардың мал-мүлкін тәркілеудің озбырлықтары мен қасіретін шыдай алмай, маңайына қарулы жігіттерді жинап, әділетсіз әрекеттерге қарсы шықты. Мәселен, Солтүстік Қазақстан облыстық мемлекеттік архивінде сақталған құжаттарда, сол кезде Қостанай облысының Анновка селосының тұрғыны Дмитрий Ковалев бастаған қызыл партизандар ақтармен күресіп қана қоймай, жергілікті халықтың малын да айдап әкеткен. Мұндай тонаушылық бірнеше рет қайталанып, оған ыза болған Абылай Рамазанұлы жігіттерді бастап Ковалевтың Анновкадағы үйіне дейін барып, малын айдап әкеткен. Кейін, 1928 жылы оның ісін сотта қарағанда, осы ісін де айып еткен көрінеді.

Абылай Рамазанұлы көзі ашық, көкірегі ояу, текті жердің ұрпағы болған. Қазақ балаларын оқыту үшін мектеп ашып, көптеген игі істерге мердігерлік жасаған. Ол патша үкіметінің отарлау саясатының зорлығын көріп өсті, сондықтан тәуелсіздік жолында «тар жол, тайғақ кешіп» жүрген Алаш

азаматтарының көзқарасын, іс-қимылдарын, күресін қолдап, «Талап» деп аталатын, Алаш-Орда құрған қоғам басқармасының мүшесі болған (Мұқанов, 2018).

Елде жаппай кәмпеске науқанының болатынын Абылай Рамазанұлы да білген, оған ертерек қамданған. Мәселен, кәмпескенің алдында Абылай Рамазанұлының шаруашылығында 500-ден аса жылқы, 100-ден аса ірі қара, мал, 200-дей қой-ешкі болған. Тәркілеу және жер аудару туралы суық хабарды естігенде оларды және еккен егініннен түскен өнімді Ресейдің көршілес қала, аудандарына сатып, түскен пайданы керегіне жаратқан. Дегенмен, Абылайдың еңбекқор әрекетін көре алмаған ауылнайлары оған пәле жауып, құқық қорғау органдарына арыз түсере бергендіктен, 1928 жылдың наурыз айында қамауға алынған.

Осылайша, 1928 жылы 27 тамызда БМСБ-ның Петропавл округтік бөлімі Абылайға тағылған кінәлардың орынды екенін айта келіп, оны қылмыстық Кодекстің 58-2 және 58-10 баптары бойынша Ақтөбе облысының Елек ауданына жер аударуға шешім шығарды. Мұнымен қоймай, 1929 жылдың қазан айында Сібірге жер аударылады. Осылайша тағдырдың тәлкегіне түсіп, жүйкесі тозған асыл азамат ісік ауруына шалдығып, 1931 жылы қыркүйек айында қайтыс болды (ҚР ОМА. 135-қ. 1-т. 86-іс. 12-п.). Әрине, алдағы басқа мақалаларымызда Абылай Рамазанұлы туралы тереңірек тағы да тоқталамыз.

Елімізде кеңес үкіметінің ауыл шаруашылығын күштеп ұжымдастыру, байлардың мал-мүлкін тәркілеу барысында жіберілген қателіктер аштыққа ұласып, қазақ халқына үлкен нәубет әкелді. Оған Алаш зиялылары да халық та көз жұмып, қарап отыра алмады. Жоғары жаққа хат жазу, халықты қарсылық білдіруге шақыру, саяси, мәдени күрес жүргізу, қарулы көтеріліске шығу арқылы қарсылықтарын білдірді. Бүкіл Қазақстан бойынша толқулар 1929 жылы Семей өңірінің Өскемен, Самар, Қатон-Қарағай, Шемонаиха аудандарында, Сырдария өңірінің Бостандық ауданында, Қостанай өңірінің Батпаққара, Наурызым аудандарында т.б. жерлерде болды. Солтүстік Қазақстан өңірінде де толқулардың болғандығын архив құжаттарынан кездестірдік. Мысалы, Солтүстік Қазақстан өңірінде Алаш қайраткері Жұмағали Тілеулиннің қатысуымен болған осындай бір әрекетті мына мәліметтер дәлелдейді: «Тілеулин Жұмағали, 40 жаста, тұрақты тұратын жері Петропавл қаласы, қазақ. Округтік денсаулық сақтау жанындағы емдеу саласының инспекторы, фельдшер, үйленген және 4 отбасы мүшесі бар.

Айыпталды:

1. 1921 жылы контрреволюциялық ұйымның мүшесі Дулатовтың ұсынысымен Ташкенттен Петропавлға жаңа азамат соғысы бола қалған жайдайда қазақ тұрғындарын тонаушылықтан, апаттан құтқару үшін алдын-ала шаралар қабылдау мақсатында жұмысқа шақырылды. 1924–1925 жылдары «Алқа» заңсыз ұлтшыл үйірмелерінің саяси тұғынамасын («Табалдырық» деген атпен) құрастыруға және ұжымдастыруға белсенді атсалысқан.

2. Осы қызметті жалғастыра отырып, ол Октябрь ауданында «Жат» (Жаңа төңкерісшілер – жаңа революционерлер) Кеңес үкіметіне қарсы көтеріліс жасау мақсатында бай-молдалардан көтерілісшілер ұйымын құрған. Бұл ұйым 1930 жылы наурызда таратылды (іс 1931 жылы Петропавл қаласында ОГПУ үштігінде қаралды) (ҚР ҰҚКА. 9-қ. 1-т. 2370-іс. 126–127-пп.).

Кеңестер Одағында «экономиканы көтеру» бағытында жүргізілген тәркілеу науқаны басқа республикаға қарағанда Қазақстанда өте қарқынды жүзеге асырылды. 1928–1929 жылдары осындағы тәркілеу науқанына 696 бай ілікті. Белгіленген жоспар бойынша үкімет байлардан 225972 бас мал тәркілейміз деп үміттенген еді. Үміт ақталмады, барлығы 144474 бас мал ғана тәркіленді. Бұл – жоғарыда белгіленген меженің 64 пайызы.

Ал байлардан тәркілену арқылы тартып алынған малдардың 118919 басы жеке шаруашылықтарға (74,3 %) және колхоздарға (25,7 %) таратылып берілді. Тәркіленген малдар негізінде жаңадан 292 колхоз құрылып, 1929 жылдың 1 қазанынан 1930 жылдың 1 қаңтары аралығында 100 мыңдай кедей және орташалардың шаруашылықтары ұжымдастырылды (Омарбеков, 1988). 1928 жылы еліміздегі шаруа қожалықтарының тек 2 %-ы ғана ұжымдастырылса, 1930 жылы 50 %, 1931 жылдың қазанында 65 % ұжымдастырылды, яғни ұжымдастыру қарқыны жеделдетілді. 1931 жылы республикадағы 122 ауданның 78 ауданында ұжымдастырумен 70-тен 100 %-ға дейін шаруа қожалықтары қамтылды.

Қорытынды

Түйіндей келе, ғасырлар бойы қалыптасқан көшпелі шарушылыққа негізделген рулық-туысқандық жүйені байлардың мал-мүлкін жою арқылы күшпен ұжымдастыруды жүзеге асырмақ болған Кеңес

үкіметі қазақ даласында ғасырлар бойы қалыптасқан шаруашылықтың дәстүрлі мәдениетін күйретті. Жаппай ұжымдастыру науқанымен қатар, халықты отырықшыландыру барысында қазақтың ауылдық-рулық тұрмыстық жүйесінің ерекшеліктері ескерілмей, көшпелі немесе жартылай көшпелі қоғамды отырықшылыққа күштеу саясаты қазақ этносының өмір сүру қабілетін ондырмай бұзды. Мұндай қасіреттің зардабын әлі тартып отырмыз.

Дереккөздер

ҚР ПА — Қазақстан Республикасы Президент архиві
 ҚР ҰҚКА — Қазақстан Республикасы Ұлттық Қауіпсіздік комитеті архиві
 СҚОМА — Солтүстік Қазақстан Облысы Мемлекеттік архиві
 ҚР ОМА — Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архиві

Sources

AP RK — Archive of the president of the Republic of Kazakhstan
 ANSC RK — Archive of the National Security Committee of the Republic of Kazakhstan
 SANKR — State Archive of the North Kazakhstan region
 CSA RK — Central State Archive of the Republic of Kazakhstan

Әдебиеттер

- Козыбаев, 1990 — *Козыбаев И.М.* Историография Казахстана: уроки истории. Алма-Ата: Рауан, 1990. 136 с.
- Омарбеков, 1997 — *Омарбеков Т.О.* 20–30 жылдардағы Қазақстан қасіреті. Алматы: Санат, 1997. 320 б.
- Тайшыбай, 2022 — *Тайшыбай З.С.* Қызылжардың қилы тарихынан (XX ғасырдың басындағы Солтүстік Қазақстандағы саяси оқиғаларға шолу). Солтүстік Қазақстан және Алаш. Петропавл: Санат, 2022. 356 б.
- История, 1994 — *История Казахстана.* Хрестоматия. Составители И.М. Козыбаев, М.К. Козыбаев. Алматы: Атамұра-Қазақстан, 1994. С. 82.
- Kozybayeva, 2015 — *Kozybayeva M.M., Kabuldinov, Z.Y.* City family of north Kazakhstan in 1920–1930s // *Anthropologist*. 2015. № 22(3). Pp. 560–567.
- Литвин, 1995 — *Литвин А.* Следственные дела как исторический источник // *Эхо веков*. 1995. май. С. 170–175.
- Материалы, 2022 — *Материалы Государственной комиссии по полной реабилитации политических репрессий (20–30 годы XX века).* Т. 2. / Под общ. Ред. Е.Т. Карина. Нур-Султан: Дәуір, 2022. 548 с.
- Абылгожин, 1991 — *Абылгожин Ж.Б.* Традиционная структура Казахстана. Социально-экономические аспекты функционирования и трансформации (1920–1930-е гг.). Алматы: Ғылым, 1991. 275 с.
- Қабылдинов, 2022 — *Қабылдинов З.Е.* Баи Казахстана — опора казахского народа / «Солтүстік Қазақстан және Алаш» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның материалдар жинағы. Бас ред. Ғ. Нығыметов. Құрастырғандар: А. Ибраева, С. Мәлікова. Петропавл: Санат, 2022. 333 б.
- Uyama, 2012 — *Uyama T.* The Alash Orda's Relations with Siberia, the Urals and Turkestan: The Kazakh National Movement and the Russian Imperial Legacy. Uyama Tomohiko, ed. *Asiatic Russia: Imperial Power in Regional and International Contexts*. London: Routledge, 2012. Pp. 271–287
- Халидуллин, 2001 — *Халидуллин Г.Х.* Политика Советского государства в отношении казахских шаруа (1917–1940). Алматы: НИЦ Ғылым, 2001. 216 с.
- Ibrayeva, Temirkhanova, 2021 — *Ibrayeva A.G., Temirkhanova A.S., Kartova Z.K., Sadykov T.S., Abuov N.A., Pleshakov A.A.* Interdisciplinary approach to studying written nomadic sources in the context of modern historiology // *Heritage Science*, 2021. № 9(1). 90 p.
- Мұқанов, 2018 — *Мұқанов Қ.* Абылай Рамазанов — Алаш қайраткері. Деректі ғұмырнама. Петропавл: Северный Казахстан, 2018. 185 б.
- Омарбеков, Атабаев, 1988 — *Омарбеков Т., Атабаев Қ.* Кооперативтендіру сабақтары // *Лениншіл жас*. 1988. № 31. 7 б.

References

- Kozybaev, 1990 — *Kozybaev I.M.* Istoriografia Kazahstana: ýrokı istorıı [Historiography of Kazakhstan: history lessons]. Alma-Ata: Raýan, 1990. 136 p. (In Russ.)
- Omarbekov, 1997 — *Omarbekov T.O.* 20–30 jyldardaǵy Qazaqstan qasireti [The tragedy of Kazakhstan in the 20s–30s]. Almaty: Sanat, 1997. 320 p. (In Kaz.)
- Taishybai, 2022 — *Taishybai Z.S.* Qyzyljardyń qıly tarihy (XX ǵasyrdyń basyndaǵy Soltústik Qazaqstandaǵy saıası oqıǵalardıǵa sholý). Soltústik Qazaqstan jáne Alash [From the history of kyzylzhar (review of political events in northern Kazakhstan at the beginning of the XX century)]. Petropavl: Sanat, 2022. 356 p. (In Kaz.)
- Istoria, 1994 — *Istoria Kazahstana. Hrestomatia.* Comp. by I.M. Kozybaev, M.K. Kozybaev [History of Kazakhstan. Textbook]. Almaty: Atamura-Qazaqstan, 1994. 82 p. (In Russ.)
- Kozybayeva, 2015 — *Kozybayeva M.M., Kabuldinov Z.Y.* City family of north Kazakhstan in 1920s-1930s // Anthropologist. 2015. No 22(3). Pp. 560–567. (In Eng.)
- Litvin, 1995 — *Litvin A.* Sledstvennye dela kak istoricheskiı istochnik [Investigative cases as a historical source] // Eho vekov. 1995. may. Pp. 170–175. (In Russ.)
- Materialy, 2022 — *Materialy Gosýdarstvennoi komissii po polnoi reabilitatsii politicheskikh repressii (20–30 gody XX veka)* [Materials of the State Commission for the Complete Rehabilitation of Political Repression (20–30 years of the twentieth century)]. Vol. 2. / Gen. ed. by E.T. Karın. Nur-Sultan: Daur, 2022. 548 p. (In Russ.)
- Abylhojin, 1991 — *Abylhojin J.B.* Traditsionnaia strýktúra Kazahstana. Sosialno-ekonomicheskie aspekty fýnksionirovaniia i transformatsii (1920–1930) [The traditional structure of Kazakhstan. Socio-economic aspects of functioning and transformation (1920–1930s)]. Almaty: Gylym, 1991. 275 p. (In Russ.)
- Qabyldinov, 2022 — *Qabyldinov Z.E.* Bai Kazahstana — opora kazahskogo naroda [Bai of Kazakhstan — the support of the Kazakh people] / «Soltústik Qazaqstan jáne Alash» halyqaralyq ǵylymı-tájiribelik konferentsianyń materialdar jınaǵy. Bas red. Ğ. Nyǵymetov. Qurastyrgandar: A. Ibraeva, S. Málıkova. Petropavl: Sanat, 2022. 333 p. (In Russ.)
- Uyama, 2012 — *Uyama T.* The Alash Orda's Relations with Siberia, the Urals and Turkestan: The Kazakh National Movement and the Russian Imperial Legacy. Uyama Tomohiko, ed. Asiatic Russia: Imperial Power in Regional and International Contexts. London: Routledge, 2012. Pp. 271–287. (In Eng.)
- Halıdýllın, 2001 — *Halıdýllın G.H.* Politika Sovetskogo gosýdarstva v otnoshenii kazahskikh sharıya (1917–1940) [The policy of the Soviet state in relation to the Kazakh Sharua (1917–1940)]. Almaty: NIS Ǵylym, 2001. 216 p. (In Russ.)
- Ibrayeva, Temirkhanova, 2021 — *Ibrayeva A.G., Temirkhanova A.S., Kartova Z.K., Sadykov T.S., Abuov N.A., Pleshakov A.A.* Interdisciplinary approach to studying written nomadic sources in the context of modern historiology // Heritage Science, 2021. No 9(1). 90 p. (In Eng.)
- Muqanov, 2018 — *Muqanov Q.* Abylai Ramazanov — Alash qairatkeri. Derekti ǵumyrnama [Abylai Ramazanov is an Alash figure. Documentary biography]. Petropavl: Severnyı Kazakhstan, 2018. 185 p. (In Kaz.)
- Omarbekov, Atabaev, 1988 — *Omarbekov T., Atabaev Q.* Kooperativtendirý sabaqtary [Cooperative learning lessons] // Leninshil jas. 1988. No 31. 7 p. (In Kaz.)

МАЗМҰНЫ

ТЕОРИЯ ЖӘНЕ ӘДІСНАМА

Әбдіров М.Ж.

ҚАЗАҚСТАНДЫ ӘСКЕРИ ОТАРЛАУДАҒЫ РЕСЕЙ ҚАЗАК ӘСКЕРЛЕРІНІҢ РӨЛІ
(XVI ҒАСЫРДЫҢ АЯҒЫ– XIX ҒАСЫРДЫҢ БАСЫ)208

Ибраева А.Ғ., Темірханова Ә.С., Қабдөшев Б.Ж.

АЛАШ ЗИЯЛЫЛАРЫ ЖӘНЕ БАЙЛАРДЫҢ ШАРУАШЫЛЫҒЫН ТӘРКІЛЕУ МӘСЕЛЕЛЕРІ
(СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН Өңірі мысалында)225

Қаратаев Ә.Ә.

АЛАША ХАН ЖӘНЕ «АЛАШ» БІРЛЕСТІГІНІҢ ҚҰРЫЛУЫ ЖӨНІНДЕ241

ТАРИХ

Абдрахманов Б.Д., Асекова С.У.

СТАЛИНДІК КЕЗЕҢДЕ ҚЫРҒЫЗСТАНДА ҚУҒЫН-СҮРГІНГЕ ҰШЫРАҒАН ҚАЗАҚ ҰЛТЫ МЕН
ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТУМАЛАРЫ ТУРАЛЫ256

Ахметова Д.М., Мухамеджанова Р.Ж.

ЕКІНШІ ДҮНИЕЖҮЗІЛІК СОҒЫС КЕЗІНДЕГІ ҚАЗАҚСТАН ӘЙЕЛДЕРІНІҢ
ТЫЛДАҒЫ ЕҢБЕГІ267

Борбасов С.М.

ҚАЗАҚСТАН КСРО-ДАҒЫ ҚАЙТА ҚҰРУ ЖӘНЕ ЖЕДЕЛДЕТУ САЯСАТЫ
ЖЫЛДАРЫНДА (1985–1991)278

Еженханұлы Б.

1246 ЖЫЛЫ РИМ ПАПАСЫ ИННОСЕНТ IV-ГЕ ЖАЗЫЛҒАН «ТАТАР ХАТЫ» ЖӘНЕ ОНЫҢ
НАЙМАН ТӨРЕГЕНЕ ХАТҮНМЕН ҚАТЫСЫ.....290

Құсайынов Д.Ж., Өтепова Г.Е.

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ МҰРАЖАЙЛАР МЕН БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНЫҢ ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛЫНЫҢ
ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ МЕН МӘСЕЛЕЛЕРІ303

Мамбетова Г.А.

КЕҢЕС ҮКІМЕТІНІҢ ШАМАНИЗММЕН ЖӘНЕ «КЕЗБЕ МОЛДАЛАРМЕН» КҮРЕСІ.....318

Маничкин Н.А.

ӨЗАРА ТӘУЕЛДІ БОЛУ: ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ТАРИХИ ЖАДЫ НЫШАНДАРЫ МЕН БЕЙНЕЛЕРІН
ПОЭТИКАЛЫҚ ҚАЙТА ТАЛДА334

Мәсімханұлы Д., Әбиденқызы А.

ҚЫТАЙДАҒЫ ТҮРКІ ТАРИХЫ МЕН МӘДЕНИЕТІ ТУРАЛЫ ЗЕРТТЕУЛЕР: БАСТЫ БАҒЫТТАРЫ
МЕН НЕГІЗГІ ЕҢБЕКТЕР347

Саурыкова Ж.С., Әбдіғұлова Б.Қ.

ІРІ БАЙЛАРДЫҢ МАЛ-МҮЛКІН КӨМПЕСКЕЛЕУ — ХАЛЫҚ ҚАСІРЕТІНІҢ АЛҒЫШАРТЫ
(ЖЕТІСУ Өңірінің мысалында)361

Тапалова А., Қара Ә.

ЕКІНШІ ДҮНИЕЖҮЗІК СОҒЫС КЕЗІНДЕ БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ӘЙЕЛДЕРІН ТЫЛ
ЖҰМЫСТАРЫНА ЖҰМЫЛДЫРУҒА КОМСОМОЛДЫҚ НАСИХАТТЫҢ ҰҚПАЛЫ375

АНТРОПОЛОГИЯ

Дүйсенов Б.Д.

ЕДІЛ-ОРАЛ Өңірі ЭПИГРАФИКАЛЫҚ ЕСКЕРТКІШТЕРІНДЕ ЕСІМІ САҚТАЛҒАН ҚАЗАҚТЫҢ
ТАРИХИ ТҰЛҒАЛАРЫН ТАБУ ЖӘНЕ ТАЛУ387

Жалелов А.А.

1930–1960 ЖЫЛДАРДАҒЫ ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫН АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУ402

СОДЕРЖАНИЕ

ТЕОРИЯ МЕТОДОЛОГИИ

Абдиров М.Ж.

РОЛЬ РОССИЙСКИХ КАЗАЧЬИХ ВОЙСК В ВОЕННОЙ КОЛОНИЗАЦИИ

КАЗАХСТАНА (КОНЕЦ XVI – НАЧАЛО XIX ВВ.208

Ибраева А.Г., Темирханова А.С., Кабдушев Б.Ж.

АЛАШСКАЯ ИНТЕЛЛИГЕНЦИЯ И ВОПРОСЫ КОНФИСКАЦИИ БАЙСКИХ ХОЗЯЙСТВ

(НА ПРИМЕРЕ СЕВЕРНОГО РЕГИОНА КАЗАХСТАНА)225

Каратаев А.А.

ОБ АЛАША ХАНЕ И ФОРМИРОВАНИИ ОБЪЕДИНЕНИЯ «АЛАШ»241

ИСТОРИЯ

Абдрахманов Б.Д., Асекова С.У.

О ЛИЦАХ КАЗАХСКОЙ НАЦИОНАЛЬНОСТИ И УРОЖЕНЦАХ

КАЗАХСТАНА, РЕПРЕССИРОВАННЫХ В КЫРГЫЗСТАНЕ В СТАЛИНСКИЙ ПЕРИОД256

Ахметова Д.М., Мухамеджанова Р.Ж.

ТРУД ЖЕНЩИН КАЗАХСТАНА В ТЫЛУ ВО ВРЕМЯ ВТОРОЙ МИРОВОЙ ВОЙНЫ.....267

Борбасов С.М.

КАЗАХСТАН В ГОДЫ ПЕРЕСТРОЙКИ И ПОЛИТИКИ УСКОРЕНИЯ В СССР (1985–1991)278

Еженханулы Б.

«ТАТАРСКОЕ ПИСЬМО» АДРЕСОВАННОЕ ПАПЕ ИННОКЕНТИЮ IV В 1246 ГОДУ И ЕГО СВЯЗЬ

С ТОРЕГЕНЕ КАТУН290

Кусаинов Д.Ж., Отепова Г.Е.

СОВРЕМЕННОЕ СОСТОЯНИЕ И ПРОБЛЕМЫ ВЗАИМОДЕЙСТВИЯ МУЗЕЕВ И ОРГАНИЗАЦИЙ

ОБРАЗОВАНИЯ В КАЗАХСТАНЕ303

Мамбетова Г.А.

БОРЬБА СОВЕТСКОЙ ВЛАСТИ ПРОТИВ ШАМАНИЗМА И «БРОДЯЧИХ МУЛЛ»318

Маничкин Н.А.

ВЗАИМОЗАВИСИМОЕ СТАНОВЛЕНИЕ: ПОЭТИЧЕСКАЯ РЕИНТЕРПРЕТАЦИЯ СИМВОЛОВ

И ОБРАЗОВ ИСТОРИЧЕСКОЙ ПАМЯТИ В КАЗАХСТАНЕ334

Масимханулы Д., Абиденкызы А.

ИССЛЕДОВАНИЯ ТЮРКСКОЙ ИСТОРИИ И КУЛЬТУРЫ В КИТАЕ:

ОСНОВНЫЕ НАПРАВЛЕНИЯ И ВАЖНЫЕ ТРУДЫ347

Саурыкова Ж.С., Абдугулова Б.К.

КОНФИСКАЦИЯ ИМУЩЕСТВА КРУПНЫХ БАЕВ КАК ПЕРВООСНОВА ПОЛИТИЧЕСКИХ

РЕПРЕССИИ И ТРАГЕДИИ НАРОДА (НА ПРИМЕРЕ РЕГИОНА ЖЕТЫСУ)361

Тапалова А., Кара А.

ВЛИЯНИЕ КОМСОМОЛЬСКОЙ ПРОПАГАНДЫ НА МОБИЛИЗАЦИЮ ЖЕНЩИН НА ТЫЛОВЫЕ

РАБОТЫ В ГОДЫ ВТОРОЙ МИРОВОЙ ВОЙНЫ В ЗАПАДНОМ КАЗАХСТАНЕ375

АНТРОПОЛОГИЯ

Дюсенов Б.Д.

ОБНАРУЖЕНИЕ И ПОПУЛЯРИЗАЦИЯ ИМЕН ИСТОРИЧЕСКИХ ЛИЧНОСТЕЙ КАЗАХСКОГО

НАРОДА, КОТОРЫЕ СОХРАНИЛИСЬ В ЭПИГРАФИЧЕСКИХ ПАМЯТНИКАХ ВОЛГО-

УРАЛЬСКОГО РЕГИОНА387

Жалелов А.А.

АРХЕОЛОГИЧЕСКОЕ ИЗУЧЕНИЕ КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ В 1930–1960-е ГОДЫ402

CONTENTS

THEORY OF METHODOLOGY

Abdirov M.Zh.

THE ROLE OF THE RUSSIAN COSSACK TROOPS IN THE MILITARY COLONIZATION OF KAZAKHSTAN (LATE XVI - EARLY XIX CENTURIES)208

Ibrayeva A.G., Temirkhanova A.S., Kabdushev B.Zh.

ALASH INTELLIGENTIA AND THE ISSUES OF BAI FARMS CONFISCATION (ON THE EXAMPLE OF THE NORTHERN REGION OF KAZAKHSTAN)225

Karatayev A.A.

ABOUT ALASHA KHAN AND THE FORMATION OF THE «ALASH» ASSOCIATION.....241

HISTORY

Abdrakhmanov B.D., Asekova S.U.

ON THE PERSONS OF KAZAKH NATIONALITY AND NATIVES OF KAZAKHSTAN REPRESSED IN KYRGYZSTAN DURING THE STALIN PERIOD256

Akhmetova D.M., Mukhamedjanova R.Zh.

LABOR OF WOMEN OF KAZAKHSTAN IN THE REAR DURING THE SECOND WORLD WAR267

Barbosov S.M.

KAZAKHSTAN DURING THE YEARS OF PERESTROIKA AND ACCELERATED POLICY IN THE USSR (1985–1991)278

Ezhenkhan-uli B.

THE “TATAR LETTER” ADRESSED TO THE POP OF INNOCENT IV IN 1246 AND ITS INVOLVEMENT WITH TÖREGENE QATUN.....290

Kussainov D.Zh., Otepova G.E.

THE CURRENT STATE AND PROBLEMS OF INTERACTION BETWEEN MUSEUMS AND EDUCATIONAL ORGANIZATIONS IN KAZAKHSTAN303

Mambetova G.A.

THE STRUGGLE OF THE SOVIET AUTHORITIES AGAINST SHAMANISM AND «WANDERING MULLAHS»318

Manichkin N.A.

INTERDEPENDENT BECOMING: POETIC REINTERPRETATION OF SYMBOLS AND IMAGES OF THE HISTORICAL MEMORY IN KAZAKHSTAN.....334

Massimkhanuly D., Abidenkyzy A.

STUDIES OF TURKIC HISTORY AND CULTURE IN CHINA: MAIN DIRECTIONS AND SIGNIFICANT WORKS347

Saurykova Zh.S., Abdugulova B.K.

CONFISCATION OF THE LARGE BAYS' PROPERTY AS THE PRIMARY BASIS OF POLITICAL REPRESSION AND PEOPLE TRAGEDY (ACCORDING TO THE EXAMPLE OF ZHETYSU REGION)361

Tapalova A., Kara A.

THE IMPACT OF KOMSOMOL PROPAGANDA ON WOMEN'S MOBILIZATION FOR REAR WORK DURING WORLD WAR II IN WEST KAZAKHSTAN.....375

ANTHROPOLOGY

Dyussenov B.D.

DISCOVERY AND POPULARIZATION OF THE NAMES OF KAZAKH HISTORICAL FIGURES THAT HAVE BEEN PRESERVED IN EPIGRAPHIC MONUMENTS OF THE VOLGA-URAL REGION387

Zhalelov A.A.

ARCHAEOLOGICAL STUDY OF KOSTANAY REGION IN THE 1930–1960 s403

EDU.E-HISTORY.KZ
электрондық ғылыми журналы 2023. 10 (2)

Бас редактор:
Қабылдинов З.Е.

Компьютерде беттеген:
Зикирбаева В.С.

Жарияланған күні: 28.06.2023.
Пішімі 70x100/16. Баспа табағы 26,6.

Құрылтайшысы және баспагері:
Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитеті
Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК

Редакция мен баспаның мекен-жайы:
050010, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй
ҚР ҒЖБМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК
Тел.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59

E-mail: edu.history@bk.ru.
Журнал сайты: <https://edu.e-history.kz>

Ш.Ш. Уәлиханов ат. ТжЭИ беттелген:
050010 Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй